



АМАНАТҚА АДАЛДЫҚ – ҚАСТЕРЛІ БОРЫШ

Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштері Жоғарғы Бас Қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сардарлар мен сарбаздарды, жиынға қатысушыларды Отан қорғаушы күнімен және Жеңіс күнімен құттықтады.



– Қос мерекенің мән-мазмұны – үндес, тағылымы – ортақ. Осы мейрамдарда еліміздің ерлік дәстүрі кеңінен дәріптеледі. Біз бұл күндері жұртымызға қорған болып жүрген ерлерге құрмет көрсетеміз. Сондай-ақ сұрапыл соғыста Отан үшін от кешкен батырлардың рухына тағзым етеміз. Қазақ – шекарасын ақ найзанын ұшымен, ақ білектің күшімен бекемдеген қаһарман халық, ержүрек ұлт. Батыр баба-

ларымыз ел тағдыры сынға түскен сәтте бір Тудың астына жиналған. Бірлігін нығайтып, жұртын жаудан қорғаған. Байтақ даланы көздің қарашығындай сақтап, ұрпаққа аманат еткен. Осы аманатқа адал болу – біздің қастерлі борышымыз. Біртұтас Қазақстан халқы мұны жақсы түсінеді. Наурыз айындағы конституциялық реформа – соның айқын дәлелі. Саяси науқан кезінде біз ең алдымен өскелең

ұрпақ алдындағы жауапкершілікті терең сезіне отырып, тарихи таңдауымызды жасадық. Бәріміз бір ел болып, жаңа Конституцияны қабылдадық. Мұны ұлт болашағына тікелей ықпал ететін аса маңызды шешім десек, қате болмайды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Конституция мемлекеттіміз бен егемендігіміздің мызғымас кепілі екенін атап өтті.

– Бас құжатта халқымыздың мүддесі, мақсат-мұраты мен бірегей құндылықтары көрініс тапты. Жаңа Ата заңда Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, халқымыздың әл-ауқатын арттыру, бірлігін күшейту бұлжымас қағидат ретінде айқындалды. Адам капиталын, білім-ғылымды, инновацияны дамыту мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты ретінде бекітілді. Осылайша, біз Заң мен тәртіп үстемдік құратын, баршаға бірдей мүмкіндік берілетін, Әділетті, Қуатты, Өркениетті мемлекет құру жолына бет алдық. Қазақстанның мақсаты – биік, бағдары – айқын. Ырысты ынтымағымызды және берекелі бірлігімізді сақтай білсек, осы мұратымызға жетеміз, – деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Отан қорғаушы күнімен құттықтауы

Құрметті отандастар!

Баршанызға Отан қорғаушы күні құтты болсын!

Мемлекеттік әрі қоғамдық маңызы айрықша мерекеде жауынгерлеріміздің ерен ерлігі, мықты рухы мен қайтпас қайсарлығы кеңінен дәріптеледі. Бұл – Қазақстанның қауіпсіздігін, тұрақтылығы мен тыныштығын күндіз-түні қас қақпай күзеткен, сондай-ақ қазір

Отан алдындағы борышын адал өтеп жатқан барша азаматқа құрмет көрсетілетін күн.

Ел жауынгерлері мен командирлері батыр бабаларымыздың даңқты жолын жалғастырып, нағыз отаншылдық рухының жарқын үлгісін көрсетіп келеді. Сардарлар мен сарбаздардың, барлық күштік құрылым қызметкерлерінің бітімгерлік миссиялар, арнаулы оқу-жаттығу жиындары мен түрлі халықаралық сайыстар кезіндегі кәсіби шеберлігі, темірдей тәртібі мен жауынгерлік даярлығы – соның айқын дәлелі. Қуатты әскеріміз ең күрделі міндеттерді орындауға қашанда дайын екені сөзсіз. Сондықтан, мемлекет еліміздің қорғаныс қабілетін күшейтуге және әскери қызметшілердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға әрдайым баса мән береді.

Жаңа Конституцияда «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әр азаматының қасиетті парызы мен міндеті» деп жазылды. Осы аса маңызды тұжырым мемлекет пен халықтың тығыз байланысын, ел тағдырына әрбір отандасымыздың жауапты екенін аңғартады. Біз

Отанға қалтқысыз қызмет ету қағидатын және Конституцияда айқындалған мызғымас құндылықтарды негізге ала отырып, сан ғасырлық тарихы бар мемлекеттілігіміздің тұғырын нығайта түсеміз, биік мақсат-мұратымызға жетіп, Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз Қазақстанды құрамыз. Мен бұған кәміл сенемін.

Ангына адал болып, табандылық танытып, мінсіз қызмет етіп жүрген Отан қорғаушыларымызға алғыс айтамын.

Барша азаматтарымызға мықты денсаулық, амандық және табыс тілеймін!

Армиямыздың айбыны, халқымыздың ынтымағы арта берсін! Қастерлі Тәуелсіздігіміздің тұғыры бекем болсын!

КӨҢІЛ АЙТТЫ

Мемлекет басшысы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге көңіл айту жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев жеделхатта Қытайдың Хунань өлкесіндегі пиротехникалық зауытта орын алған жарылыс салдарынан көптеген адамның қаза табуына байланысты суыт хабарды терең күйзеліспен қабылдағанын жазған.

Президент жақындарынан айырылған отбасыларға сабыр, ал жаракат алған адамдардың сауығып кетулеріне тілектестік білдірді.

ӨКІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Қазақстан Республикасы Парламент Палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы Өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысы 2026 жылғы 8 мамырда сағат 10.00-де Астана қаласында шақырылсын», – деп жазылған Өкім мәтінінде.



СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІККЕ ТЫҢ СЕРПІН

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Аустрия еуропалық және халықаралық істер федералдық министрі Беате Майнль-Райзингер мен Аустрия ішкі істер федералдық министрі Герхард Карнермен кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы мәртебелі меймандарға ілтипат білдіріп, елімізге Аустрия министрлерімен бірге іскерлік орта өкілдерінен құралған делегацияның келуі маңызды екенін атап өтті.

– Аустрия Үкіметінің екі бірдей министрінің елімізге сапармен келуі өзара ынтымақтастықты нығайту тұрғысынан өте маңызды. Аустрия – Қазақстанның сенімді әрі бұрыннан келе жатқан стратегиялық серіктесі. Сіздердің экономикамызға құйған инвестицияларыңыз 3 миллиард доллардан асты, сондай-ақ сауда айналымының көлемі ұлғайып келеді. Бұл өте жақсы үрдіс. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымы және ЕҚЫҰ аясында тығыз қарым-қатынас орнаттық. Мұндай байланыстар алдағы уақытта да жалғаса беруді деп ойлаймын. Аустрия – көптеген бағытта қарқынды дамыған ел. Сондықтан қол жеткізілген ынтымақтастық деңгейін жоғары бағалаймыз. Сіздер үшін Қазақстан аймақтағы маңызды рөлін сақтап қалады деген сенімдеміз. Қазіргі таңда Аустрияның Орталық Азия мемлекеттерімен арадағы сауда қатынастарында Қазақстанның үлесі 80 пайыздан жоғары, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент екі елдің салалық министрліктері мен ведомстволары арасындағы ықпалдастықтың жандануын құптады. Атап айтқанда, биыл мамыр айынан бастап дипломатиялық паспорт иелері үшін визасыз режим туралы және реадмиссияла жөніндегі келісімдер күшіне енді.



Мемлекет басшысы заманауи сын-қатерлердің трансшекаралық сипаты ұлғайып бара жатқанына тоқталып, осы орайда құқық қорғау органдарының өзара байланыстарын тереңдету қажет екенін айтты.

Беате Майнль-Райзингер мен Герхард Карнер Қасым-Жомарт Тоқаевқа кездесуге мүмкіндік жасағаны үшін алғыс айтып, Президент Александр Ван дер Белленнің ыстық ықыласын жеткізді.

– Біздің сапарымыз дер кезінде ұйымдастырылды. Қазақстан – Орталық Азиядағы экономикалық тұрғыдан ғана емес, саяси жағынан да маңызды серіктесіміз. Біз қауіпсіздік, көші-қон салалары бойынша тығыз әрекет етеміз. Өзіңіз атап өткеніңіздей, көпжақты алаңдарда да бірлесіп жұмыс істейміз.

ЕҚЫҰ министрлер кездесуіне қатысқан Қазақстанның сыртқы істер министрі Вена қаласында қабылдағаныма қуаныштымын. Өйткені біз еліміздің аталған Ұйымдағы көшбасшылық позициясын жоғары бағалаймыз, – деді Аустрияның сыртқы саясат ведомствосының басшысы Беате Майнль-Райзингер.

Кездесу барысында экономикалық ынтымақтастықты кеңейтудің, сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Президент Александр Ван дер Белленге ізгі сәлемін жолдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Аустрия көшбасшысын өзіне қолайлы уақытта Қазақстанға сапармен келуге шақыратынын растады.

ҚУАТТЫ АРМИЯ – БЕЙБІТШІЛІК КЕПІЛІ

Әдетте түрлі мейрам мен кәсіби мереке өткенді саралап, келешектің қалай болмағын ой елегінен өткізіп, болжауға ыңғайлы сәт саналатыны бар. Әсіресе, мұндай дәстүр ақпараттық кеңістікте мықтап орныққан. 7 мамыр – Отан қорғаушы күнінде де бұл дәстүрден жаңылып көрмедік. Оның үстіне, жаһандағы геосаяси ахуал күн санап емес, сағат сайын құбылып тұрған, қым-қуыт шақта өмір сүріп жатырмыз. Демек, Қазақстанның қорғаныс қабілетін ойша саралап, бағалаудың артықтығы болмаса керек.

2023 жылы өткен бүкілармиялық кенесте Қазақстан Президенті, Жоғарғы Бас Қолбасшы Қасым-Жомарт Тоқаев:

– «Жау жоқ деме, жар астында» деген сөз бар. Қазіргі күрделі кезеңде Армияның рөлі күшейе түсті. Армия егемендігімізді қорғауға әрдайым дайын болуы қажет. Оның кәсіби дайындығы, заманауи қару-жарақпен, озық технологиямен

жабдықталуы басты факторға айналды. Әскердің білікті болуы және ұтырлығы ұрыс нәтижесіне тікелей әсер етеді. Армия осы талапқа сай болса, өз міндетін ойдағыдай атқарады, – деген еді. Осылайша, заманауи әлемде Қарулы Күштерге қойылатын талаптың да күшейгенін мензеген болатын.

(Жалғасы 4-бетте)





7 МАМЫР 2026 | БЕЙСЕНБІ

АМАНАТҚА АДАЛДЫҚ – ҚАСТЕРЛІ БОРЫШ

(Басы 1-бетте)

Президент егемен еліміз Қарулы Күштерге зор сенім артып отырғанына тоқталды.

– Бүгінде Қазақстанның айбынды армиясы батыр бабалардың даңқты жолын лайықты жалғастырып келеді. Сайыпқыран сарбаздарымыз – қасиетті Тәуелсіздігіміздің берік қалқаны. Олар еліміздің тыныштығын, жеріміздің тұтастығын қас қақпай күзетіп тұр. Күштік құрылымдар заң үстемдігін, қоғамдық тәртіп пен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде. Құтқарушылар қатерден қаймықпай азаматтардың амандығы үшін тынымсыз еңбек етіп жүр. Жауынгерлеріміз күрделі міндеттерді табысты орындап, халықаралық тұрақтылықты нығайту ісіне де зор үлес қосуда. Қазақстан – Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік миссиясын дербес орындау мәртебесіне ие болған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы ішіндегі жалғыз мемлекет. Бұл әлем елдерінің қазақ армиясына деген сенімі жоғары екенін көрсетеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сарбаздарымыз арнайы жасақтар мен күштік құрылымдар арасындағы жаһандық додаларда тамаша жетістікке қол жеткізіп жүргенін айтты.

– Биыл Дубайда өткен ауқымды халықаралық жарысқа еліміздің бес командасы қатысып, жүлдемен оралды. Байрақты бәсекеде бірінші және екінші орынды Қазақстан құрамысы еншіледі. Әрісесе, әйелдер арасында топ жарған «Томирис» командасының қарым-қабілетіне жаһан жұрты тәнті болды. Мұның бәрі де – рухы мықты, қажыр-қайраты мол, Отан алдындағы адал сарбаздарымыздың ерен еңбегінің жемісі екені айқын. Мемлекет осындай айбынды жауынгерлерімізді қашанда қолдайды. Бұл – ең алдымен, ел мүддесі үшін, яғни, ұлтмыздың келешегі үшін аса маңызды міндет, – деді Президент.

Мемлекет басшысы бүгінгі таңда армияны заман талабына сай нығайтып, еліміздің қорғаныс қабілетін арттыруға қажетті барлық шара қабылданып жатқанына назар аударды.

– Қауіпсіздік мәселелері, еліміздің қорғаныс қабілетін күшейту, қызметтердің беделін көтеру – негізгі мемлекеттік басымдықтар мен міндеттер. Соңғы жылдары әскери қызметшілерге, құқық қорғау және арнаулы органдар қызметкерлеріне кеңінен қолдау көрсетіліп келеді. Атап айтқанда, ипотекалық бағдарламалар іске қосылды, еңбекақы көлемі кезек-кезеңнен артып, әлеуметтік жеңілдіктер көбейді. Күштік құрылымдар сапына жастарды көптеп тартып, қалың әлеуетті нығайту ісіне көңіл бөлінуде. Мен әскери оқу орындарының үздік түлектерін ынтылаандыру жөнінде тапсырма бердім. Парламентте үздік білім алушыларға оқуды тәмамдаған кезде бірден «аға лейтенант»



дәрежесін беруге қатысты тиісті түзеулер қарастырылып жатыр. Жалпы, биыл және келесі жылдар әскери білім беру сапасын арттыруға арналуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, еліміздің аумақтық тұтастығын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, «Зан және тәртіп» идеологиясын орнықтыру жауапты әрі жасампаз патриотизммен тығыз ұштасатын аса маңызды міндет.

– Біз құқықтық нигилизмге жол бермейтін, аңыздағы немесе қолдан жасалған «батырларды» емес, бұрынғы және бүгінгі нағыз қаһармандарды құрмет тұтатын үйлесімді қоғам құруымыз қажет. Туған елі мен халқының игілігі жолында адал қызмет еткен, ар мен намысты бәрінен биік қойған азаматтар жастарға үлгі болуға тиіс. Олардың қатарында қаза тапқаннан кейін ерліктері мен батырлықтары еленіп, орден-медалмен марапатталған әскерилер, полицейлер, құтқарушылар, арнаулы орган қызметкерлері де аз емес. Менің бастамамен олардың есімі көшелер мен түрлі мекемеге беріліп жатыр. Мұндай тәсілді ведомстволық наградаға қатысты да пайдалануға болады. Осындай алғашқы марапаттың бірі – он бес жыл бұрын жанынан безген терроршыны ұстау барысында қаза тапқан полиция капитаны Ғазиз Байтасов атындағы медаль. Біздің мақсатымыз – батырларымыздың ерлігін мәңгі есте қалдыру, отандастарымыздың жарқын бейнесін

жүрегімізде сақтау, өскелең ұрпақты нағыз ерлікке, қайсарлыққа және шынайы патриотизмге тәрбиелеу, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, ерлік ешқашан ескірмейді. – Баһадүр бабаларымыз рухы асқақ, намысы биік екенін ерен ерлігімен дәлелдеп келді. Даңқты ерлеріміз Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қайтпас қайсарлықтың озық үлгісін көрсетті. 500-ге жуық жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атанды. Алайда көптеген майдангердің ерлігі еленбей қалғаны да жасырын емес. Ұлтына қорған болған ержүрек жауынгерлердің есімін ұрпақ жадында сақтауымыз керек. Бұл – біздің перзенттік парызымыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы орайда отандасымыз Кенжебай Мәденовтің ерлігін ерекше атап өтті.

– Ұлы Отан соғысының соңында ол взвод командирі ретінде қандықойлек жолдастарымен бірге Берлиннің Ратуша ғимаратына Женис туын ілді. Бұл нашістік режимнің күйреуін көрсеткен, майдангерлердің рухын көтерген, шабуылды одан әрі үдете түсуге дем берген сәт еді. Оның қаһармандық жолы туралы маршал Георгий Жуков және басқа да мықты қолбасшылар, сондай-ақ жеңіспен аяқталған қанды шайқас жөнінде қалам тербеген журналистер де жазды. Өкінішке қарай, бұл тарихи мән-маңызы айрықша даңқты ерлік осы кезге дейін лайықты бағасын



алған жоқ. Сондықтан мен Ұлы Отан соғысында көрсеткен жанқиярлығы мен батылдығы үшін марқұм Кенжебай Мәденовке «Халық қаһарманы» атағын беру туралы Жарлыққа қол қойдым. Осылайша, біз бүгін бір ел болып тарихи әділдікті қалпына келтіріп отырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан өткенге зор құрметпен, болашаққа үлкен үмітпен қарайтын кезібі екенін жеткізді.

– Біз негізгі қалың дипломатиялық жолмен, келіссөздер арқылы шешілуге тиіс деп есептейміз, әрқашанда «ас пен тас» стратегиясын жүргізуге дайын болуы-

мыз қажет. Біз халықаралық құқық қағидалары мен нормалары қатаң сақталуы керек деп санаймыз. Қазақстан әлемнің барлық елімен достық қарым-қатынасын нығайта береді. Осы мызғымас ұстанымдар жаңа Ата заңымызда нақты айқындалды. Бірақ бұл қамсыз отыру қажет деген сөз емес. Еліміз түрлі сын-қатердің алдын алуға және кез келген қауіпке төтеп беруге дайын болуға тиіс. Сондықтан мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін күшейтіп, әскерімізді ең бірінші кезекте технологиялық тұрғыдан жаңғырта беруіміз қажет. Бұл – қазіргі тұрақсыз, құбылмалы заманның талабы, соны ескере отырып, ең алдымен, Қарулы Күштерімізді және әскери мекемелерімізді түбегейлі реформалау керек. Бұл – стратегиялық маңызы зор міндет, оны созбай, екі жыл ішінде орындау қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы халқымызда «Батыр елі үшін туалы» деген сөз барын, елге қорған болу ең абыройлы қызмет екенін айтты.

– Нағыз патриот азамат үшін бұдан асқан мәртебе жоқ. Күштік құрылым қызметкерлерінің күнделікті табанды еңбегі ел үшін жасалған ерлік екені сөзсіз. Сіздер әрқайсыңыз сертке берік болып, Отан алдындағы міндеттеріңізді мінсіз орындап жүрісіздер. Мен Мемлекет бас-

шысы және Жоғарғы Бас Қолбасшы ретінде баршаныңа шынайы ризашылығымызды білдіремін. Бүгін сіздерге әскери атақ пен сыныптық шеңберу туралы тиісті Жарлыққа қол қойдым. Бұған қоса, бірқатар азаматты жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы шешім қабылдадым. Баршаныңа құтты болсын! Өскелең ұрпақ сіздерге қарап бой түзейді, туған елге адал болуды үйренеді. Сіздер жастарға үлгі болып, қол көрсетіп, әрдайым ұлт мүддесіне қызмет ете бересіздер деп сенемін. Айбынды армиямыздың абыройы арта берсін! – деді Президент.

ҚУАТТЫ АРМИЯ – БЕЙБІТШІЛІК КЕПІЛІ

(Басы 1-бетте)

Ал қандай да бір мемлекеттің қорғаныс қабілеті мен әскери әлеуетін рейтингтермен, статистикалармен өлшеп, бағалау мүмкін емес. Өйткені «елдің қорғаныс әлеуеті» деген кең, кешенді ұғым. Оған аумақтың өлшемі, экономиканың мүмкіндіктері, соның ішінде өндірістердің болуы, жоғарғы технология, қаржы секторы, жол, әуежайлар, айлақтар, байланыс тәрізді инфрақұрылым, демографиялық ахуал, ақпараттық кеңістіктегі үлес, тіпті халықтың көңіл күйі тәрізді сансыз факторлар кіреді. Сондықтан әдетте SIPRI, Global Fire Power тәрізді зерттеу орталықтары ұсынатын мәліметтерге бірден сену жөн болмайды. Әрине, Стокгольмдегі бейбітшілік мәселелерін зерттеудің халықаралық институтының (SIPRI) сараптамалары мен берген бағасының бәсі жоғары екені рас. Себебі ондағы ғалымдар кешенді талдау, сараптама жасайды. Дегенмен әлемнің түкпір-түкпіріндегі қарулы қақтығыстар мен жанжалдар қандай да бір елдің қорғаныс қабілетін таразыға тартуы мүмкін екенін көрсетеді. Дүниежүзінде әскери қуаты жағынан бірінші орында тұрған АҚШ Иранмен соғысып жатыр әрі әуе бастағы жоспардың күлі көкпе ұшқанда ұқсайды. Қуаты жағынан әлі де болса екінші орында тұр деп есептелетін Ресей Украина жерінде соғыс батығына батып қалды. Ал бұл мысалдар әскери қуаттың рейтингпен өлшенбейтінін, шындығында келсе, халықтың Отан қорғау жолындағы жанкештілігіне тікелей байланысты болуы мүмкін екенін көрсетеді. Сол себепті Қазақстанның қорғаныс қабілетіне баға беру де оңай емес. Дегенмен Қазақ армиясының мүмкіндіктері, жауынгерлік даярлығы көшпен қалып жатқан жоқ.

Жалпы, елдің қорғаныс әлеуетін арттыру Қарулы Күштерді қаржыландырудан бастап, мектеп пен отбасындағы тәжірибеге дейінгі факторларды қамтиды. Алайда



алдыңғы қатарға қаржыландыру шығынының жасырудың қажеті жоқ. Қаржы болмаса заманауи техника мен қару-жарақ сатып алу, оларды өндіретін кәсіпорын ашу, әскери жаттығу, жасөспірімдердің патриоттық сезімін бекемдеуге бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру да мүмкін емес. Оның үстіне, жаһан жұрты қаруланып жатыр. Біз сөз еткен SIPRI зерттеулеріне сенсек, 2025 жылы әлем елдерінің әскери мақсаттағы шығындарының көлемі 2 триллион 887 миллиард долларға жетіпті. Бұл дегеніміз 2024 жылғы көрсеткіштен 2,9 пайызға көп. Әрі жаһан елдерінің біріккен жалпы ішкі өнімінің 2,5 пайызын құрап отыр. Яғни, Римнің Әскери теоретигі Публий Флавий Вегетий айтқан Si vis pacem, para bellum – «Бейбітшілікті қаласаң, соғысқа даярлан» дейтін тәмсілдің дәурені

жүре бастағанға ұқсайды. Вегетийдің айтқаны мықты экономика, қуатты армия, сенімді қорғаныс сізге көз алартатындар қатарын сирететінін мензейтін тәмсіл еді. Бәлкім, содан болар, әлемде қорғанысқа назар аудару қарқынды жүріп жатыр.

Қазақстан да бұл бағытта айрықша көңіл бөлді. 2026 жылы күш құрылымдары қаржыландыруға жалпы ішкі өнімнің 1 пайызын бөлуге бел буды. Бұл дегеніміз шамамен 3 триллион теңге әрі былтырғыға қарағанда 335 млрд теңгеге көп. Бұл қаржы Қарулы Күштер мен өзге әскерленген құрылымдардың даярлығын арттыруға ғана емес, заманауи жүйелерді енгізуге жұмсалды. Яғни, армияға дрондар, әуе-қорғанысы кешендері, жаңа ұшақтар сатып алуға бағытталуы мүмкін. Оны Қорғаныс министрінің орынбасары Аскар Мұстаба-

ковтің де атап өткені бар. «Бұл қаржы қару-жарақты модернизациялау мен жаңа түрлерін сатып алуға бағытталады. Өздеріңіз білесіздер, қазір жаңа қару-жарақтар, атап айтқанда, ұшқышсыз ұшатын аппараттар жасалып жатыр. Сонымен бірге бұл қаржы авиацияны модернизациялауға және әуе қорғанысына қажет жаңа техника сатып алуға жұмсалды», – деді вице-министр. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан өз хал-қадрына армияны заманауи деңгейде ұстауға, жаңа қару-жарақ сатып алуға, отансүйгіштікті насихаттауға барын салып жатыр. Әрі әскери техника мен қару-жарақ түрлеріне байланысты мәліметтерді ашық айтуды да құп көрмейді. Әйтпесе, Қарулы Күштерде тауір дүниелер бар. Қорғаныс өнеркәсібі кешені де дамып келеді.

Қорғаныс өнеркәсібі дегеннен шығады, қазір Қазақстанда әскери және қос мақсаттағы өнім шығаратын түрлі деңгейдегі 124 кәсіпорын бар. Әрине, оның барлығы көңілден шығады деу қиын. Бірақ елдің қорғаныс қабілетін арттыруға үлес қосатын компаниялар аз емес. Бір ғана Kazakhstan Engineering ұлттық компаниясына қарасты кәсіпорындар елдің қорғаныс қабілетін арттыруға теңдессіз үлес қосып келеді. Жаңадан ашылып жатқан кәсіпорындар да бар. Айталық, былтыр Қазақстан нарығына MRAP жүйесі бар бронды көлік шығаратын жаңа кәсіпорын қосылды. Түркия мен Қытай технологиялары негізінде Aibar, Taimas атты жаңа бронды көліктер өндіріліп жатыр. Одан бөлек, КРЕ-нің «Арлан», «Алан», «Барыс» көліктері бар. Сонымен қатар танк, бронетранспортер қатарлы бронетехника жөндеу мен модернизациялау, әуе қорғанысы кешендерін, ұшақтар мен тікұшақтарды жөндеу, қызмет көрсету, кеме жасау, радиоэлектроника мен байланыс, ок-дәрі жасау бағытында жұмыс істейтін зауыттарымыз бар. Anka S ұшқышсыз ұшатын аппараттарын құрастыру бойынша Түркиямен келісімге келгеніміз тағы бар. Мұндай аппараттардың бірнешеуін қазақ жауынгерлері пайдаланып та жүр. «Сұңқар», «Шағала» тәрізді отандық дрондарымыз да қолданылып жатыр. FPV, оптикалық-талшықты дрондарды әскеріміз қолдануда. Олардың бірқатары елімізде құрастырылады.

Мұны ел қорғанысының қаржылық, техникалық сипаты деп бағаласақ, одан бөлек адам фактор да назардан тыс қалған емес. Қанша күмән келтіргенімізбен,

Global Fire Power рейтингі Қазақстанның әскери қуатын әлем елдерінің ішінде 58-орынға жайғастырыпты. 50-ден астам талапқа сүйеніп отырып жасалатын рейтингтің де айтары жоқ емес. Ондағы мәліметтердің бірқатары шынайы жағдайды көрсетеді. Айталық, бұл рейтингте Қазақстанда 110 мың жауынгер бар екені көрсетілген. Қарулы Күштер, Шекара қызметі, Ұлттық ұлан, Мемлекеттік қүзет қызметі тәрізді құрылымдардың сарбаздарының жалпы саны сол мөлшерде екені рас. Олардың 70 пайызға жуығы келісімшарт негізінде жұмыс істейтін кәсіби жауынгерлер. 42-44 мыңы жыл сайын мерзімді әскери борышын өтейтін азаматтар.

Сарбаздардың әлеуметтік қорғалуына да көп көңіл бөлінеді. Мерзімді әскери қызметін аяқтаған жастардың оқуға түсуіне мүмкіндіктер қарастырылды. Биылдың өзінде мыңнан астам жауынгер білім грантына ие болды. 2023 жылдан бері жұмыс істеп тұрған «Сарбаз 2.0» цифрлық жүйесі әскери борышын өтеген азаматтардың білім грантына ие болуына мүмкіндік жасап отыр. Оған 2023-2025 жылдары 180 мыңнан астам адам тіркелген. Тек 2025 жылдың көктемінде өзінде осы жүйе арқылы 18 мың адам грантка ие болды.

Сонымен қатар резервтік қызмет те реттелді. Аумақтық қорғаныс жүйесі де толық жасақталып бітті.

Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде назардан тыс қалған жоқ. «Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жиыны тәрізді жобалар өміршеңдігін көрсетіп келеді.

2025 жылы Қазақстан Қарулы Күштері 60 мыңнан астам жаттығу, әскери даярлық іс-шарасын өткізді. Соның ішінде 17 мыңнан астамы түнде ұйымдастырылды. «Ай-балта», «Десант», «Жауынгерлік достастық», «Каспий бризі» қатарлы жаттығулар ұйымдастырылды. Бітімгерлеріміз Голан жоталарындағы қызметін жалғастырды. Түрлі жаттығу, іс-шара үздіксіз жалғасып жатыр.

Мұның барлығы азат елдің тыныштығы жолындағы ұжымалып жатқан қадамдар, әрі «қорғаныс» ғымының өзі жан-жақты екеніне нақты дәлел бола алады. Отан қорғаушы күні қарсаңында бұл тақырыпқа оралу арқылы біз Қазақ армиясының әлеуетіне бір шолу жасап, жетістіктерін мақтан етуді көзделдік. Өйткені «жақсының жақсылығын айтпақ» керек.

Ардақ СҰЛТАН



ЖОЛДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК КҮШЕЙЕДІ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар топырақты қорғау, жол қауіпсіздігін цифрландыру және жүргізушілерді даярлау саласындағы кәсіпкерлік қызмет, сондай-ақ аңшылық саласы мен жануарлар дүниесін сақтау мәселелері туралы заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдады. Екінші оқылымда газбен жабдықтау және тауарлық газды үнемді тұтыну, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет туралы заңдар қабылданды. Қытаймен арадағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім ратификацияланды.

Мәжіліс «Топырақты қорғау туралы» депутаттық заң жобасы мен ілеспе түзетулерін бірінші оқылымда мақұлдады. Заң жобаларын депутат, бастама авторларының бірі Нұржан Әшімбетов таныстырды.

— Заң жобасында «Топырақ» ұғымы реттеудің жеке объектісі ретінде қарастырылған. Осыған байланысты оны сақтаудың бірыңғай ережелері, деградациядан қорғаудың тиімді тетігі әзірленді. Топырақ — жердің бір бөлігі ғана емес, күрделі биологиялық жүйе, тұтастай алғанда бүкіл экожүйенің негізі, оның жағдайы климатпен, сумен және биоресурстармен тікелей байланысты. Топырақты сақтауда ғылымның рөліне ерекше назар аударылады, — деді депутат.

Нұржан Әшімбетов бүгінде ауыл шаруашылығы алқаптарын цифрландыру 100% аяқталғанын баса айтты. Заң жобасында аграрлық сала мамандарына жер учаскелерінің цифрлық паспорттың беру ұсынылады. Онда шекаралар мен өлшемдер туралы мәліметтер ғана емес, сонымен қатар топырақтың сапасы туралы деректер де болады. Кейін шаруалардың өздері топырақтың жай-күйіне тұрақты түрде агрохимиялық талдау жүргізуге міндетті болады. Сапа көрсеткіштерінің төмендеуі оларға қатысты жауапкершілік шараларына әкеп соғады.

Бұдан бөлек, жерді пайдаланушылар жұмыс барысында топырақтың құнарлы қабатын сылып алуға, оның дұрыс сақталуы мен пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндеттеледі, оны басқа жерге шығаруға тыйым салынады. Сондай-ақ ауыспалы егісті қолдануды және ғылыми негізделген жүйеге сәйкес тынайтықшы себу сынды топырақтың құнарын қалпына келтіру бойынша міндетті шаралар енгізіледі. Қосымша ретінде топырақты су астында қалудан, батпақтанудан, қайта сортаданудан, тозудан, құрғаудан және тығыздалудан қорғау талаптары, сондай-ақ деградацияға ұшыраған жерлерді қалпына келтіру шаралары бекітіледі.

Талқылау барысында депутаттар баяндамашы мен жауапты мемлекеттік органдардың өкілдеріне бірқатар нақты сұрақ қойды. Олар өңірлердің тынайтықшытарды қолдану жүйесінің дайындығына, мамандандырылған зертханалардың бар-жоғына, сондай-ақ ауа райы мен климаттық жағдайларды ескере отырып белгіленген талаптардың сақталуын тиімді басқаруға назар аударды. Топырақтың құнарлы қабатын сыртқа шығаруға тыйым салудан бас тарту туралы шешімге және жердің құнарлығын сақтау мен қалпына келтіруге бағытталған шараларға ерекше тоқталды.

Заң жобаларына қатысты талқылаулар Нұржан Әшімбетов жетекшілік ететін жұмыс тобының отырыстарында жалғасды.

Сондай-ақ жол қауіпсіздігін цифрландыру және жүргізушілерді даярлау саласындағы кәсіпкерлік қызмет мәселелері бойынша депутаттық түзетулер бірінші оқылымда мақұлданды. Әріптестерін заң жобасының негізгі ережелерімен Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің хатшысы, бастаманың авторы, жұмыс тобының жетекшісі Екатерина Смышляева таныстырды.

Депутат жобадан жол қозғалысы ережелерінің бұзылғанын анықтайтын және тіркейтін техникалық құралдарды пайдалану тәртібі нақтыланатынын айтты. Құралдар автожолдарға және мемлекеттік органдардың, жедел жәрдем қызметтерінің, сондай-ақ тұрақты жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың көліктеріне орнатылатын болады.

— Сонымен қатар көлік құралын жүргізушілерді даярлайтын оқу ұйымдарының қызметіне мемлекеттік бақылауды күшейту ұсынылады. Атап айтқанда, автокөліктердің қызметіне рұқсат беру тәртібі енгізіледі. Рұқсат алған оқу ұйымдарының мемлекеттік тізілімін құру ұсынылады, бұл мектептерді алдағы уақытта да бақылап отыруға жол ашады, — деді Екатерина Смышляева.



Заң жобасында медициналық деректерді Ішкі істер министрлігінің автоматтандырылған дерекқорларымен интеграциялау қарастырылған. Бұл шаралар көлік жүргізуге медициналық тұрғыда теріс көрсеткіштері бар адамдардың көлік тізгіндеуі ықтималдығын жояды.

Түзетулердің жеке блогы жеке деректерді қорғау мен киберқауіпсіздік мәселелеріне арналды. Екатерина Смышляева өзгерістер азаматтардың жеке деректерін қорғау туралы конституциялық норманы іске асыру мақсатымен қабылданғанына назар аударды. Атап айтқанда, жеке деректер операторларын шағын, орта және ірі деп жіктеу, сондай-ақ жария болып кеткен жеке деректердің тізілімі енгізіледі. Бұл тізілім азаматтарға өздерінің қандай жеке деректері ашық тарап кеткенін немесе деректердің тарап кеткенінің теріс деректері болуы ықтимал екенін біле алады.

Сонымен қатар жеке деректерді жариялау және алмасу кезінде оларды қорғауға қатысты талаптар күшейтіледі. Азаматтардың өз жеке деректерін көпшілікке қолжетімді дереккөздерде жариялауға беретін келісіміне қатысты талаптар нақтыланады.

Бұдан бөлек, цифрлық инфрақұрылымның аса маңызды нысандарына мемлекеттік бақылау жасау функцияларын қайта бөлу ұсынылады. Оны басқару саясатын Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің құзыретінде қалдыру, ал мемлекеттік бақылау функцияларын Ұлттық қауіпсіздік комитетіне беру көзделді.

Талқылау барысында депутаттар жеке деректерді қорғау бойынша қолданыстағы нормалардың тиімділігін арттыру, ақпараттың жылыстауының алдын алу шараларын күшейту қажеттігін айтты. Климаттық ерекшеліктерді ескере отырып, қысқы кезеңде автокөліктерді жылытуға қатысты тыйымды қайта қарау мүмкіндігі талқыланды. Мәжіліс депутаттары жүргізушілерді даярлау саласындағы мәселелерге, соның ішінде автокөліктердегі сыбайлас жемқорлық сынақатерлеріне де назар аударды. Бұдан бөлек, жалған мемлекеттік тіркеу нөмірлерін пайдалануды қамтамасыз ету, биоалуандықты сақтау және осы саладағы мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру.

Мәжіліс депутаты, құжат авторларының бірі Дүйсенбай Тұрғанов заң жобасында аң аулауға қойылатын талаптар күшейтілетінін, атап айтқанда, тыйым салу шаралары тізбесі кеңейтілетінін хабарлады. Бұл норма аңшылықпен неғұрлым жауапкершілікпен айналысуды қамтамасыз етуге және жануарлар дүниесіне шамадан тыс жүк түсірудің алдын алуға бағытталған.

— Заманауи техникалық құралдарды, соның ішінде ұшқышысыз ұшу аппараттарын, түнде көру құрылғыларын және өзге де құрылғыларды пайдалануға шектеу енгізіледі. Сонымен қатар қорықшы-

тырылған. Мұндай құқықбұзушылықтар үшін айыппұл көлемі ауырлық дәрежесіне қарай сараланып, бірнеше есе артады. Қайталанса немесе ауыр бұзушылықтар жағдайында қылмыстық жауапкершілік күшейтіледі.

Жаза ретінде 2000 АЕК-ке дейінгі айыппұлдар, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту көзделген. Ауырлатын мән-жайлар болған жағдайда — мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі



Заң жобасында медициналық деректерді Ішкі істер министрлігінің автоматтандырылған дерекқорларымен интеграциялау қарастырылған. Бұл шаралар көлік жүргізуге медициналық тұрғыда теріс көрсеткіштері бар адамдардың көлік тізгіндеуі ықтималдығын жояды.

лық қызмет институты мен мемлекеттік бақылау күшейтіледі. Қорықшыларды міндетті түрде даярлау қарастырылып, олардың өкілеттіктері кеңейтіледі, — деп түсіндірді депутат.

Қосымша баяндама жасаған Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Аян Зейнуллин биологиялық тепе-теңдікті сақтау үшін жануарлар дүниесі объектілерінің санын реттеу және сирек кездесетін әрі жойылып кету қаупі төнген түрлерді есепке алу тәртібі енгізіліп жатқанын айтты. Мемлекеттік табиғи қорларда жануарларды өсіруді дамыту бойынша, сондай-ақ заңсыз ауланған жануарларды заңдастыруға жол бермеу мақсатымен қолда және жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын жануарларды тіркеу тәртібін белгілеу бойынша үкілетті органның құзыреттері айқындалады.

Заң жобасының жеке блогында жануарлар дүниесі және жануарларға қарау саласындағы құқықбұзушылықтар үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік күшейтіледі. Дүйсенбай Тұрғановтың айтуынша, ақбөкен дериваттарының заңсыз айналымы үшін санкциялар енгізіледі, құқықбұзушылықтарды анықтау және жолын кесуге қатысты лауазымды тұлғалардың өкілеттіктері кеңейтіледі.

Бұдан бөлек, Президенттің тапсырмасын орындау мақсатымен жануарларға қатыездік көрсеткені үшін жауапкершілік айтарлықтай артады. Осыған байланысты құжатта жануарларға қасақана ауырсынуды тудыратын, жаракаттағаны немесе олардың өліміне себеп болғаны үшін әкімшілік жазаны қатандату қарас-

істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыров таныстырды.

Қосымша баяндама жасаған Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, жұмыс тобының жетекшісі Айгүл Құспан келісім аясында екі ел инвесторлары үшін әділ және тең құқықты режим қамтамасыз етілетінін, сондай-ақ инвестициялық дауларды шешудің ашық тетігі жасалатынын жеткізді. Оның айтуынша, бұл Қытайдағы қазақстандық инвесторлар мен Қазақстандағы қытайлық инвесторлар өз құқықтарын қорғаудың нақты, түсінікті және ортақ кепілдігін алатынын білдіреді, сын-қатерлер азайып, іскерлік ортаның болжалдылығы артады және сенім нығаяды.

Мәжіліс газбен жабдықтау және тауарлық газды үнемді тұтыну мәселелері туралы заңды екінші оқылымда қабылдады. Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Вера Кимнің айтуынша, негізгі нормалар газ есебін цифрландыруды және оның ашықтығын арттыруды, сондай-ақ газ тарату ұйымдарының қызметін мемлекеттік реттеуді күшейтуді қамтиды. Сонымен қатар бағаны белгілеу тетіктері қайта қаралып, газ саласындағы ұлттық оператор тарапынан газдандырудың бюджеттік жобаларының іске асырылуына бақылау күшейтіледі.

Бұдан бөлек, түзетулер бір газ тарату жүйесі арқылы бірнеше ұйымның тауарлық газды бір мезгілде тасымалдауына тыйым салады. Газ таратушы компаниялар үшін магистральды газ құбырларына тікелей қосылу талабы белгіленіп, газ тарату инфрақұрылымының жекелеген нысандарын салу мүмкіндігі беріледі.

Депутаттардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері туралы заңы екінші оқылымда ілеспе түзетулерімен бірге қабылданды. Құжат Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалған міндеттерді іске асыру үшін әзірленген. Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы, жұмыс тобының жетекшісі Айдос Сарымның айтуынша, түзетулер арқылы мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу институты жетілдіріледі.

Осылайша, заң аясында бұл жұмыстағы әдеп жөніндегі уәкілдің, комплаенс-қызметтің және персоналды басқару қызметінің рөлі артады. Лауазымдық өкілеттіктерді жеке мүдделер үшін пайдалануға жол бермеу түріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеу енгізіледі. Лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет шараларын қолданбағаны үшін жауапкершілігінің құқықтық тетіктері жетілдіріледі.

Сонымен қатар пара талап ету, уәде беру немесе ұсыну қылмыстық сипатқа ие болады. «Тұрмыстық жемқорлықты» жою үшін мемлекеттік қызметшіге немесе соған теңестірілген тұлғаға жатпайтын мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдар қызметкерлерінің ірі мөлшерде немесе бопсалау арқылы заңсыз сыйақы алғаны үшін қылмыстық жауапкершілік қатандатылады. Мұндай тұлғаларға сыйақы бергені үшін де қылмыстық жауапкершілік енгізіледі. Сондай-ақ заңды тұлғалардың мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген тұлғаларды сатып алуға (пара беруге) талпынғаны үшін жауапкершілігі күшейтіледі.

Бұдан бөлек, Мәжіліс Сенаттың «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жануарларға жауапкершілікпен қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына енгізген түзетулерімен келісі.

Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Ерболат Сатыбалды атап өткендей, Парламент Сенаты қаралып отырған заңға иесіз жануарлардың санын реттеу мәселелерін жергілікті өкілді органдардың деңгейіне беруге қатысты бірқатар нақтылаушы түзетулер енгізді. Сондай-ақ «иесіз жануарлар» ұғымы нақтыланып, ветеринариялық қорытынды негізінде жануарларды жансыздандыру туралы шешім қабылдау туралы норма толықтырылды және басқа да өзгерістер енгізілді.

Жалпы алғанда, Мәжіліс қабылдаған заңның тұжырымдамасы өзгермейді, түзетулер тек нақтылау сипатына ие. Бұралқы иттерді қайтарымсыз аулау моделі сақталады.

Жалпы отырыс барысында Мәжіліс «Қазақстан Халық Кеңесі туралы» Конституциялық заң жобасын жұмысқа алды, ол бойынша Парламент палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына мәжілісмендер арасынан кандидатуралар келісілді.

Бұдан бөлек, салалық комитеттер Салық кодексіне енгізілетін түзетулерді, сондай-ақ Қазақстан мен Сингапур арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімді және Халықаралық жолмен жүк тасымалдау шарты туралы конвенцияны ратификациялау жобаларын жұмысқа қабылдады.



7 МАМЫР 2026 | БЕЙСЕНБІ

«ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ!» САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Көкшетау қаласында «AMANAT» партиясының Партиялық бақылау комитетінің көшпелі отырысы өтті. Онда партияның 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасының Ақмола облысында орындалу барысына баса назар аударылды.

Отырысты Партиялық бақылау комитетінің төрағасы, Мәжіліс депутаты Павел Казанцев жүргізді. Сондай-ақ жиынға Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, Комитет мүшелері Абай Тасболатов, Майра Айсына, Санира Жүсіпова, партияның Орталық аппараты Партиялық бақылау департаментінің директоры Дәурен Бижуманов, «AMANAT» партиясы Ақмола облыстық филиалының төрағасы Берген Беспалинов, басқарма басшылары мен мемлекеттік депутаттары қатысты.

Комитет төрағасы Павел Казанцев партияның сайлауалды бағдарламасында қамтылған міндеттердің ойдағыдай орындалуына жіті бақылау жүргізудің маңызына тоқталды.



— Өңір тұрақты экономикалық өсімді көрсетіп отыр. 2025 жылы агроөнеркәсіптік кешен өнімінің көлемі 1,2 трлн теңгеге жетті, мал шаруашылығы, қайта өңдеу және өнеркәсіп салаларында инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда, жана жұмыс орындары құрылуда. Индустриялық аймақтар дамып келеді, онда жалпы құны 2,7 трлн теңге болатын жобалар пулы қалыптастырылған. Тұрғын үй саласында 2026 жылы шамамен 1300 отбасын пәтермен қамтамасыз ету жоспарлануда.

нәтижелерге қол жеткізілді. Осы уақыт аралығында 19 жаңа мектеп салынып, оқушыларға заманауи әрі жайлы жағдай жасалды және оқушы орындары тапшылығы айтарлықтай азайды. Ауылдық жерлерде 38 жаңа медициналық нысан пайдалануға беріліп, шалғай елді мекендердегі тұрғындар үшін алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімділігі артты. Сонымен қатар 60-тан астам ауылдық елді мекенде су құбыры желілері тартылды. Бұл қадам сапалы ауызсуға қолжетімділікті арттырып, ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсартуға ықпал етті, — деді Берген Беспалинов.

Ол партиялық бақылау комиссиясы мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен тығыз өзара іс-қимыл жүргізіп жатқанын атап өтті. Мониторинг қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерді жедел жоюға және орындаушылардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған нақты ұсынымдар әзірленді.

Отырыс барысында Комитет мүшелері Жол картасындағы жекелеген тармақтарға қатысты бірқатар ұсыныс айтып, жобаларды уақытылы жүзеге асыру, мониторинг жұмысын күшейту және орындаушылардың жеке жауапкершілігін арттыруға қажет екенін назар аударды.

Талқылау барысында партияның бағдарламалық міндеттемелерін орындаудың негізгі индикаторлары, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту, білім беру, денсаулық сақтау нысандарын салу және жаңғырту, кәсіпкерлікті қолдау, тұрғындардың тұрмысын жақсарту мәселелері қаралды.

Отырыс қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерді жоюға және «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын өңірде іске асыру тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар қабылданды.



«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын жүйелі жүзеге асыру — бұл ең алдымен азаматтар алдындағы жауапкершілік. Біздің міндетіміз — Жол картасының әрбір тармағына тиімді әрі әділ бақылау жүргізу. Барлық бастама нақты нәтиже беріп, тұрғындар оң өзгерістерді сезінуге тиіс, — деді ол.

Осы орайда Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму барысы туралы баяндап, Жол картасы жоспарлы түрде жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

Сондай-ақ қалалық және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, спорттық және мәдени нысандар салу жалғасуда, — деді облыс әкімі.

«AMANAT» партиясы Ақмола облыстық филиалының төрағасы Берген Беспалиновтың айтуынша, әлеуметтік нысандардың уақытылы және сапалы салынуына, сондай-ақ бюджет қаражатының тиімді игерілуіне ерекше назар аударылады.

— Ақмола облысында Жол картасын жүзеге асыру аясында әлеуметтік және инфрақұрылымдық бағыттарда айтарлықтай

«AMANAT КЕРУЕНІ» АКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ

Шығыс Қазақстан облысында «AMANAT» партиясы Әйелдер қанатының бастамасымен «AMANAT Керуені» әлеуметтік акциясы бастау алды. Ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсартуға, мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыруға және елді мекен тұрғындарына практикалық көмек көрсетуге бағытталған акцияның алғашқы іс-шарасы Самар ауданында өтті.



Мұндағы басты мақсат — ауыл тұрғындарын тегін медициналық тексеруден өткізу, мемлекеттік қолдау шаралары мен партиялық жобалар, кәсіпкерлікті дамыту, ауыл шаруашылығы саласындағы мүмкіндіктер туралы түсіндіру жұмысын жүргізу, сондай-ақ өзекті мәселелер бойынша кеңес беру.

Өз кезегінде, «AMANAT» партиясы Шығыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы Жанат Мексева «AMANAT Керуені» жобасының мәні мен маңызына тоқталды.

— «AMANAT Керуені» — тұрғындарға нақты көмек көрсетуге бағытталған аса маңызды жоба. Бүгінде білікті дәрігерлердің қабылдауына қол жеткізу, әлеуметтік және құқықтық мәселелер бойынша кеңес алу — ауыл тұрғындары үшін аса маңызды. Біз мұндай кешенді іс-шаралар арқылы тұрғындардың тұрмысын жақсартуға және олардың өзекті мәселелерін шешуге

бағытталған қолдау көрсету шараларын жалғастыра береміз, — деді ол.

Іс-шара барысында Өскемен қаласындағы Онкология және хирургия орталығының білікті мамандары — онколог, маммолог, гинеколог, уролог дәрігерлер, сондай-ақ ультратыңақтық зерттеу (УЗИ) қызметі бойынша мамандар тұрғындарды тегін қабылдады. Сонымен қатар Astana Vision клиникасының офтальмологтары заманауи құрал-жабдықтар арқылы тұрғындардың көзін тексеріп, кәсіби кеңес берді.

— Бүгін бір топ азамат ауыл тұрғындарына медициналық, психологиялық және құқықтық көмек көрсету үшін арнайы келді. Мәселен, Самар ауданында 10 жылдан бері офтальмолог дәрігер жоқ. Сондықтан арнайы құрал-жабдықтарымыз арқылы тұрғындарға толық диагностика жүргіземіз, диагноз қоямыз, көзілдірік жазып береміз. Менің ойымша, мұндай акциялар — аса

қажет. Сондай-ақ акция аясында ерекше қажеттілігі бар балалардың ата-аналарымен кездесеміз. Мұндағы мақсат — мектепті немесе колледжді аяқтаған ерекше балаларды қалай жұмысқа орналастыруға болатынын ойластыру, олардың қайда жұмыс істей алатынын анықтау. Мен дәрігер ретінде ауылға ерекше көңіл бөлемін. Себебі тұрғындардың барлығы бірдей қалаға, әсіресе офтальмолог дәрігердің қабылдауына бара алмай жатады, — деді «AMANAT» партиясы Шығыс Қазақстан облыстық филиалы Әйелдер қанатының жетекшісі әрі Өскемен қаласындағы Astana Vision клиникасының директоры Зарина Камасова.

Бұған қоса қоғамдық денсаулық сақтау саласы бағытында да маңызды жұмыс жүргізілді. Атап айтқанда, АИТВ/ЖИТС ауруының алдын алу, оның таралу жолдары мен сақтану шаралары туралы түсіндіру жұмысы ұйымдастырылып, тұрғындарға тегін кеңес берілді. Бұдан бөлек, акция аясында мектеп бітіруші түлектерге арналған кәсіптік бағдар беру жұмысы қолға алынды. Өңірдегі жоғары оқу орындарының өкілдері талапкерлерге білім беру бағдарламалары туралы ақпарат ұсынып, болашақ мамандықты дұрыс таңдауға қатысты бағыт-бағдар ұсынды.

Сондай-ақ Халыққа қызмет көрсету орталығы, Жұмыспен қамту басқармасы, қаржы институттары, депутаттық корпус пен салалық ұйымдардың өкілдері тұрғындарға мемлекеттік қызметтер алу тәртібі, әлеуметтік қолдау шаралары, кәсіпкерлікті дамыту және қайтарымсыз гранттар бойынша кеңес берді. Акцияның маңызын аудан тұрғындары жоғары бағалады.

— Мұндай кешенді іс-шаралардың ауылда өтіп жатқанын қуантады. Көп жағдайда қалаға барып, дәрігерге қаралуға мүмкіндік бола бермейді. Ал мұнда бір күнде бірнеше маманның кеңесін алып, тексеруден өтуге жағдай жасалып отыр. Сонымен қатар жастарға жан-жақты бағыт-бағдар беріліп, әлеуметтік мәселелер бойынша кеңес ұсынылуда, — деді Самар ауылының тұрғыны Гүлнар Мәжібаева.

Айта кетейік, «AMANAT Керуені» акциясы мамыр-шілде айлары аралығында өңір аумағындағы аудандарда тұрақты түрде өткізіледі. Алдағы уақытта акция аясында Шығыс Қазақстан облысына қарасты барлық елді мекенді қамту жоспарлануда.



ХАЛЫҚ СҰРАНЫСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Ақтөбе қаласында «AMANAT» партиясының TURGYNDAR AMANATY жобасы аясында ауқымды өңірлік форум өтіп, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы жүйелі өзгерістер, нақты мәселелер мен оларды шешудің практикалық тетіктері ашық талқыланды. Форум алаңында мемлекеттік органдар, депутаттар, МИБ пен ПИК төрағалары алғаш рет кеңейтілген форматта тікелей диалог құрды.

Форум жұмысына Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров, «AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев, Парламент Мәжілісінің депутаттары Екатерина Смышляева мен Қазыбек Әлішев, жергілікті мемлекеттік органдардың басшылары, сондай-ақ мүлік иелері бірлестіктері мен пәтер иелері кооперативтерінің төрағалары қатысты.

Іс-шара ашық форматтағы панельдік отырыстан басталып, пленарлық сессияға ұласты. Онда тұрғын үй қорын жаңғырту, инженерлік инфрақұрылымның тозуы, тарифтік саясат, басқару нысандарының тиімділігі, кондоминиум объектілерін тіркеу, коммуналдық қызмет сапасы және тұрғындардың төлем тәртібі сияқты түйінді тарқамаған түйткілдер ашық талқыға түсті. Өз кезегінде жергілікті атқарушы органдар бұл мәселелер бойынша нақты түсініктемелер беріп, бірқатар мәселені шешу жолдарын белгіледі.

Пленарлық отырыста сөз алған өңір басшысы Асхат Шахаров TURGYNDAR AMANATY жобасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласын дамытуға

мемлекеттік ұйымдар арқылы уақытша басқару өкілеттігі берілгенін атап өтті. Бұл — әлеуметтік тұрғыдан маңызды шешім.

— Жаңа заңда тұрғын үй инспекциясымен және коммуналдық қызметтермен өзара іс-қимыл регламенттері айқын белгіленді. Бірақ тәжірибеде мәселелер бар екенін көріп отырмыз. Осы тұрғыда біздің жоба негізгі коммуникациялық алаң болады. Әрбір төраға, үйдің өкілі басқаруға қатысты мәселелер бойынша «AMANAT» партиясына жүгіне алады және қажет болған жағдайда тиісті қызметтермен тікелей байланыс ұйымдастырылады.

Қадр мәселесі де партияның басты назарында. Салаға келетін мамандардың біліктілігін арттыру, сертификаттау жүйесін жетілдіру және оқыту сапасын арттыру — алдағы кезеңнің негізгі міндеттерінің бірі. Біз оқу және тест материалдарының сапасын, сондай-ақ төрағалар үшін сертификаттау қызметтерінің қолжетімділігін бақылау бағытында жұмыс жүргіземіз, — деді депутат.



және азаматтар үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға серпін беретінін атап өтті.

— Бүгінгі жиын — ортақ мақсатқа жету жолындағы нақты қадамдарымыздың бірі. Отырыста көтерілген барлық мәселе назарға алынып, оларды шешу бойынша тиісті жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табады. Әрбір ұсыныс салалық жоспар мен іс-шаралар барысында ескеріліп, оның орындалуға тиісті мемлекеттік органдар бақылауында болады. Ортақ міндеттерді орындауға жүйелі әрі нәтижелі жұмыс жүргізу қажет, — деді ол.

Ал «AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев өз сөзінде партия бастамасымен іске қосылған бұл жоба көппәтерлі тұрғын үйлердегі жүйелі мәселелерді шешудің нақты құралына айналып отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, аталған бастама тек инфрақұрылымды жаңғыртуға емес, басқару мәдениетін өзгертуге, тұрғындардың жауапкершілігін арттыруға және ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталған.

— Бұл бағыттағы өзгерістер — тарифтер, абаттандыру, жарықтандыру, лифтілер нақты нәтижеге бағытталған жүйелі жұмысты жалғастырады, — деді ол.

Сондай-ақ партия Хатшысы жобаның негізгі басымдықтарын айқындап, өңірде TURGYNDAR AMANATY фронт-офисін ашу қажет екенін атап өтті. Бұл құрылым тұрғындардың өтініштерін жедел қарастыруға мүмкіндік береді.

Өз кезегінде депутат Екатерина Смышляева қараусыз қалған үйлер мәселесіне тоқталып, әкімдіктерге оларды

Мәжіліс депутаты Қазыбек Әлішев тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы реформалардың мәнін егжей-тегжейлі түсіндірді. Оның айтуынша, «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңдағы өзгерістер бұл саланы түбегейлі жаңғыртуға бағытталған.

— Бұған дейін пәтер иелері, басқарушы ұйымдар және МИБ пен ПИК арасында нақты ережелердің болмауынан, ашықтықтың жеткіліксіздігінен және жауапкершіліктің әлсіздігінен жиі түсініспеушілік туындайтын. Енді жаңа өзгерістер басқарудың айқын әрі түсінікті қағидаларын бекітіп, барлық субъектінің есептілігін күшейтеді. Ең бастысы — меншік иелерінің өз үйін басқару процесіне қатысу мүмкіндігі кеңейеді, — деді Қазыбек Әлішев.

Іс-шара барысында өңірдегі тұрғын үй қорының нақты жағдайы және кейінгі жылдары жүргізілген жұмыстар да ашық айтылды. Облыста 12 млрд теңге көлемінде қаржы бөлініп, 255 тұрғын үйге жөндеу жұмысы жүргізілген, сондай-ақ 223 лифт жаңартылған. Бұдан бөлек, басқару жүйесін жаңғырту бағытында 331 МИБ құрылды. Бұл — тұрғын үйді басқару жүйесінің түбегейлі трансформацияланып жатқанын көрсетеді.

Жиын соңында бірқатар белсенді азамат марапатталып, «AMANAT» партиясының қатарына қабылданды.

Жалпы, Ақтөбеде өткен бұл форум тұрғын үй саласындағы реформалардың жаңа кезеңін айқындап, мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы сенімді нығайтуды тиімді үлгісін көрсетті. TURGYNDAR AMANATY жобасы аясындағы мұндай кездесулер алдағы уақытта да жалғасын тауып, тұрғын үй саласындағы жүйелі өзгерістерге негіз болмақ.



ӘСКЕРИ КАФЕДРА: ЕЛ ҚОРҒАНЫНЫҢ САПАЛЫ РЕЗЕРВІН ДАЯРЛАЙДЫ

Былтыр қараша айында Қорғаныс министрлігі еліміздегі әскери дайындықтың сапасын бақылау және талдау қағидаларын бекітті. Жаңа ережелер жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралар мен факультеттерді өзінің оқытушылық құрамы, инженерлік-техникалық базасы және оқу-көмекші персоналды бар толыққанды құрылымдық бағытта жасақтауға негізделген.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Әскери білім беру бөлімдерінің дербес құрылымға айналуы, сала мамандарының айтуынша, оның жауапкершілігін арттырады және нақты кадр даярлайтын институт деңгейіне көтереді. Сонымен қатар әскери дайындықтың практикалық бағытын жетілдіруге, ел қорғанысының сапалы резервін даярлауға мүмкіндік береді.

— Қазір біз әлемдегі өте күрделі және жылдам өзгермелі ахуалға куә болып отырмыз. Сол себепті де ел басшылығы Қарулы Күштерге, соның ішінде мемлекеттің әскери даярланған резервін дайындау мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Қазақстан Республикасының Президенті — Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Батыл тойтарыс» стратегиялық командалық-штабтық оқу-жаттығуы барысында: «Бүгінде әлемдік қорғаныс жүйесінде ауқымды өзгерістер болып жатыр. Қазіргі ұрыстардың әліс-тәсілдері де басқа, әсіресе гибриктің соғыс түрлері кең таралуда. Шабуылдар әскери ғана емес, ақпараттық, психологиялық, саяси, экономикалық және басқа да сипат алуы мүмкін. Сондықтан Қазақстан армиясы кез келген сын-қатерге дайын болуы қажет» деген болатын. Бұл ретте еліміздің жоғары оқу орындарының жанындағы әскери кафедраларға, оның ішінде бізге де зор міндет жүктеліп отыр, — деді Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті әскери кафедрасының бастығы генерал-майор Еділ Оразов.

Бұған дейін еліміздегі әскери дайындық құрылымы мен әдістерін қазіргі заманғы сын-қатерлері мен ақпараттық технологияны жануару сұранысына сай жасақтау мақсатында бірқатар жұмыстар атқарылды. Әскери кафедралары бар жоғары оқу орындарында бірінші әскери әдістемелік база құрылып, олар заманауи оқулықтармен қамтамасыз етілді және оқу бағдарламаларында жана тәсілдер енгізілді. Сонымен қатар қазіргі әлемдік қорғаныс жүйесінде болып жатқан ауқымды өзгерістерді ескере отырып киберқауіпсіздік, геоақпараттық жүйелер және автоматтандырылған басқару жүйелері сияқты аса маңызды және тапшы мамандықтар бойынша оқыту бағдарламаларын қалыптастырудың маңыздылығы артып отыр.

Жалпы, еліміздің жоғары оқу орындарында 41 әскери кафедра жұмыс істейді. Қорғаныс министрлігінің мәліметінше, бұл әскери кафедраларды қазірге дейін 120 мың түлек бітіріп шыққан.

Сенатор Дархан Қыдырәлі былтыр оқу орындарының әлемдік стандарттарға сәйкестендіру және әсіресе әскери дайындық бөлімдерінің материалдық-техникалық базасын жаңғырту туралы мәселе көтерді. Депутат өз сөзінде әскери Жоғары оқу орындары мен қорғаныс саласына үшкішсыз басқарылатын үшу аппараттары мен заманауи технологияны жетік меңгерген ұлттық рухтағы кәсіби мамандарды көптеп тарту керек екенін айтып, жекеменшік университеттер үшін кафедралар талапкер тартуға сылтау болып кетпеуін қадағалауды ескерткен болатын.

— Жыл сайын 7 мың түлек тәмамдайтын әскеріміз, алдағы 10 жылда олардың саны тағы 70 мыңға артады. Әскерге адам жетіспейді дейміз. Сонда запастағы офицерлер мен сержанттардың саны қатардағы сарбаздан да көп болып кетпей ме?! Кафедра менгерушілері Қорғаныс министрлігімен келіседі, алайда әдістемелік нұсқаулықтар мен оқулықтарда бірзиділік жоқ. Практикамен ұштастыру жағы да кемшілігі. Оқитын студенттердің жартысына жуығы ақылы негізде білім алатын ескерсек, жекеменшік университеттер үшін кафедралар талапкер тартудың көзіне айналып кеткен жоқ па? — деді Дархан Қыдырәлі.



Яғни, кейбір университеттер әскери кафедраларды талапкер тартудың тиімді факторы ретінде пайдаланған кездер болды. Сондай-ақ жеке меншік университеттер арасында бәсеке күшейген сайын, әрқайсысы өзін әскери кафедраларымен ерекшелуге тырысты. Бірақ Қорғаныс министрлігі бекіткен жаңа ережелер мен қағидалар арқылы әскери кафедраларды ЖОО-ның толыққанды құрылымдық бөлімшесіне айналдыруды көздеп отыр. Енді нақты стандартқа бағынатын оқытушылық құрамды күшейту және толыққанды құрылымдық жүйе тәжірибесі бар кәсіби кадрлар дайындау басты мақсат бағытын ұтымды үйлестіре отырып, жүйелі әрі жоспарлы негізде құрылған.

— 2024-2025 жылдары бағдарламалық-аппараттық кешендер жаңартылып, бұл техникалық жарактандырылу деңгейін және оқу материалын визуализациялау мүмкіндігін арттыруға мүмкіндік берді. 2025 жылдың жаз айында әскери кафедрада жөндеу жұмыстары жүргізілді. Биыл әскери кафедра негізгі күш-жігерін жасанды интеллекттің дамыту саласындағы университеттік білім беру бағдарламаларымен интеграциялауға бағытталды. ЕҰУ-да, әскери кафедра қызметкерлерге

арналған курстарға қатысу нәтижесінде әскери кафедраның профессор-оқытушылар құрамы өзінің цифрлық құзыреттерін және цифрлық мәдениетін едәуір арттырды. Оқытушылар инновациялық ойлауды дамытып, инновациялық технологияларды білім алушылардың әскери даярлығының практикалық үдерісіне енгізуде. Сонымен қатар университеттің басқа да факультеттерімен ынтымақтастығын жандандырып келеді. Еліміздің мобилизациялық резервінде ИТ-мамандарының болуы қажеттігін ескере отырып, әскери кафедра университеттің Ақпараттық технологиялар факультетімен және Механика-математика факультетімен бірлесіп, қажетті жағдайға аса тапшы мамандарды даярлау мәселесін пысықтауда, — деді ол.

Маманның айтуынша, жана қағида әскери кафедраларды формалды жүйеден нақты институтқа айналдыруды көздейді. Сондай-ақ әскери-патриоттық тәрбие жүйесін нығайту және белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыру мақсатында бекітілген ғылыми және әскери-патриоттық

жұмыс жоспарына сәйкес әскери кафедраларда Парламент депутаттарымен, мемлекеттік және қоғамдық институттардың өкілдерімен, белгілі ғалымдармен, еңбек ардагерлерімен кездесу-конференциялар жиі болып тұрады.

Ал кафедра түлектерінің әскери ант беру рәсімін Отан қорғаушылар күні қарсаңында ұйымдастырудың өзіндік мәні бар. Биыл елімізде алғаш рет жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының әскери кафедра курстары Әскери ант берді. Салтанатты іс-шараларға Қорғаныс министрлігінің өкілдері, жоғары оқу орындарының басшылары, кафедра оқытушылары, Қарулы күштердің ардагерлері, қалірілі қонақтар мен ата-аналар қатысты.

— Биыл 2-6 мамыр аралығында еліміздің 80-нен астам жоғары оқу орнында шамамен 13 мың студент әскери ант берді. Бұл — елге қызмет ету жолындағы жауапты қадамды білдіретін шын мәніндегі ауқымды әрі маңызды оқиға. Біз үшін білім беру ғана емес, тәзімді, рухты, жауапкершілігі жоғары, Отанды қорғауға шынайы дайын жас буынды тәрбиелеу де маңызды, — деп атап өтті Қорғаныс министрлігі Әскери білім және ғылым департаментінің бастығы полковник Мұрат Олжабаев.

Жалпы, әскери кафедра студенттері жаңартылған ережелерге сәйкес университет қабырғасында екі жыл қатарынан екінші мамандықты менгеріп, запастағы лейтенант және сержант әскери атағын алып шығады және көшбасшылық қаблеттері шыңдалған кәсіби кадр қатарын толықтырады. Сонмен қатар түлектердің күштік құрылымдарда әрі қарай қызмет етуіне және кәсіби дамуына кең мүмкіндіктер ашылады.

ТӘРТІП пен ТАЛАП МЕКТЕБІ

Отан қорғау – әрбір азаматтың қастерлі парызы. Сондықтан ел тыныштығын сақтау, шекара тұтастығын қорғау және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында әскери даярлықтың маңызы айрықша. Осы ретте Сыр өңіріндегі әскери әлеуетті арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтудағы маңызды қадамның бірі саналады.



Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

ӘСКЕРИ БІЛІМНІҢ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

Негізінде, ел тыныштығы мен қауіпсіздігі әрбір мемлекеттің басты құндылығы екені даусыз. Ал сол қауіпсіздікті қамтамасыз ететін негізгі күш — кәсіби даярланған, рухы биік, отансүйгіш азаматтар екені белгілі. Осы тұрғыдан алғанда әскери білім беру жүйесіне жүктелетін жауапкершілік аса зор. Өйткені әскери даярлық тәртіп мектебі, жауапкершілік аланы және елге адал қызмет етудің бастауы саналады.

Елімізде әскери оқыту арқылы елін, жерін сүйетін, сын сағатта сабыр сақтап, батыл шешім қабылдай білетін, мемлекеттік құпияны қорғай алатын азаматтарды тәрбиелеуге мән беріліп келеді. Сонымен қатар жастарға әскери іс негіздерін меңгеруге, оларды нақты жағдайларда әрекет етуге даярлауға басымдық жоғары. Бұл тұрғыда Сыр өңіріндегі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті жанынан құрылған әскери кафедраның атқарған жұмыстары ұшан-теңіз.

Жалпы, аталмыш кафедра Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы қаулысына сәйкес ашылып, өңір жастарының мүмкіндігін арттыруда еселі еңбек сіңіріп келеді. Нақты айтқанда, 2000-2001 оқу жылынан бастап өз жұмысын бастаған бұл кафедра бүгінде Сыр өңіріндегі әскери кадрлар даярлайтын маңызды орталыққа айналды.

«Әскери кафедрада оқу үдерісі «әскери күн» әлісі арқылы жүргізіледі. Яғни, студенттер аптасына бір күнін толықтай әскери дайындыққа арнайды. Бұл тәсіл теориялық білімді тәжірибемен ұштастырып, нағыз тұлға болып қалыптасуға мүмкіндік береді. Офицерлік бағдарлама — екі жыл, ал сержанттық бағдарлама бір жыл мерзімді қамтиды. Кафедраға қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады. Бұл физикалық және психологиялық тұрғыдан дайын, талапқа сай жастардың ғана іріктелетінін көрсетеді», — дейді бұл жөнінде Әскери кафедра бастығы Нұрсейіт Увайдаев.

Кафедра бастығының айтуынша, әскери кафедралардағы білім тек аудиториямен шектелмейді. Оқу соңында курсанттар міндетті түрде әскери жиындардан өтіп, практикалық деңгейін жетілдіреді. Ең бастысы, оларды әскери тәртіппен өмір сүріп, шынайы әскери ортаға бейімдейді.

ТЕОРИЯДАН ТӘЖІРИБЕГЕ ТӨТЕ ЖОЛ

Жалпы, әскери білім жастардың тәзімділігін арттырып, жауапкершілігін күшейтетін, командалық рухын қалыптастыратын маңызды сынақ саналады. Әрбір асқақ рухты, өр тұлғалар ұлан әскери мамандықты игеру арқылы өзінің жарқын болашағына жол ашады.



Бүгінде Қызылордадағы әскери кафедрада даярлық жұмыстары бірнеше бағыт бойынша жүргізіледі. Атап айтқанда, кафедра жалпы әскери бөлімшелерді жауынгерлік қолдану, құрлық әскерлерінде тәрбие және идеологиялық жұмыстар, аумақтық қорғанысты жетілдіру, зениттік зымыран кешендерін басқару мен атыштық даярлық бағыттарын қамтиды. Аталмыш мамандықтар қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарға толық сәйкес келетіні алға тарталды.

«Жалпы, әскери кафедра ашылғалы бері 3 мыңнан астам запастағы офицерлер мен сержанттар даярланды. Бүгінде олардың бір бөлігі Қазақстан Қарулы Күштері қатарында қызмет етіп жүр. Кейбірі құқық қорғау және қауіпсіздік салаларында жемісті еңбек етуде. Ең бастысы, полиция, кеден және ұлттық қауіпсіздік құрылымдарында кафедра тұлғаларының кәсіби дайындығы мен тәртібі жоғары бағаланып келеді. Бұл — әскери кафедра жұмысының нақты нәтижесі деп айта аламыз», — дейді кафедра бастығы.

Сырдың әскери даярлық жүйесінде заман талабына сай жаңғыру үдерісі байқалады. Ал алдағы уақытта пилотсыз ұшу аппараттарын басқару операторларын даярлау жоспарланып отырғанын жеткізіп отыр.

Қазіргі өзінде дрон технологиялары әскери саланың ажырамас бөлігіне айналған. Соның негізінде кафедрада дронмен барлау, бақылау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету технологиясы кеңінен қолданылып келеді. Сонымен қатар мектеп оқушыларымен әскери-патриоттық бағыттағы жұмыстарды күшейту де күн тәртібінен түскен емес. Әсіресе, мұны жас ұрпақты ерте жастан елжандылыққа тәрбиелеудің тиімді жолы ретінде қарастырады.

ТӘРБИЕ — БАСТЫ НӘТИЖЕ

Мамандар жастардың тұлғалық қалыптасуы үшін әскери даярлықтың маңызы зор деп есептейді. Әсіресе, тың тәртіпке төселген ұландар уақытты тиімді пайдалануды, қиындықтарды еңсеруді, мақсатқа жетуі үйренеді екен. Әскери кафедрадан өткен студенттердің тәртіптілігімен, жауапкершілігімен, жинақылығымен ерекшеленуі — соның айқын дәлелі.

Жалпы, әскери тәртіп пен тәрбие әрбір азаматтың тұлға болып қалыптасуына қол ашып, нақты нәтижеге жетелейді деген ұғым бар. Бұл тұрғыда Сыр өңіріндегі әскери даярлық жүйесі — ел қорғанысын нығайтудың берік тірегі айналып тұр. Яғни, іргелі оқу орны жанынан құрылған әскери кафедра ұстаздары тек білім беріп қана қоймай, нағыз патриоттарды тәрбиелейтін өмір мектебін қалыптастыру жолында аянбай тер төгіп келеді.

Тәртіп пен талап ұясында бүгінгі курсанттарды ертенгі ел қорғаушысына айналдырып, тәуелсіз Қазақстанның сенімді қалқанын қалыптастыруда еселі еңбектің лебі еседі. Кафедра жұмысымен танысу барысында осыны аңғардық.



7 МАМЫР 2026 | БЕЙСЕНБІ

Қазақстан тарихында Ұлы Отан соғысының отты жылдарында жанқиярлық ерлік көрсеткен тұлғалар аз емес. Солардың бірі – подполковник Кенжебай Мәденов. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен оған (қайтыс болғаннан кейін) «Халық қаһарманы» атағы берілді.



ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАЛҒАН ЕРЛІК



Айрықша ерекшелік белгісі – «Алтын жұлдыз» бен «Отан» ордені тапсырылды. Бұл – оның майдандағы теңдессіз батырлығы мен ел алдындағы адал қызметінің лайықты бағасы.

Кенжебай Мәденовтың 1925 жылы 19 ақпанда Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының Қаракөл ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Болашақ батыр небәрі 18 жасқа толар-толмас кезінде, 1943 жылдың 8 қаңтарында, өз еркімен Қызыл Армия қатарына қосылады. Сол жылдың қарашасында жаяу әскер училищесін тәмамдап, үшінші Украина майданы құрамында станкілік пулемет бөлімшесінің командирі болады. Кейін офицерлік курсты бітіріп, «кіші лейтенант» шенін алып, Бірінші Беларусь майданында взвод командирі қызметін атқарған.

Ол Украинаның оң жағалауын, Молдавияны (Яссы-Кишинев операциясы), Польшаны, Варшаваны, сондай-ақ Германия аумағын азат ету шайқастарына қатысып, Берлинді алу операциясында ерекше ерлік көрсетті. 1945 жылғы сәуірде Берлин ратушасына жасалған шабуыл кезінде Мәденов взводы алғашқылардың бірі болып ғимаратқа басып кірді. Қиян-кескі ұрыс барысында ол жеке батылдығы мен табандылығын

танытып, жаумен қоян-қолтық шайқаста көзге түсті.

Маршал Георгий Константинович Жуков өз естеліктерінде Мәденовтің взводы ратушаға алғашқылардың бірі болып кіргенін атап өтеді. Ал генерал-лейтенант Фёдор Боков оның сарбаздарының шайқаста ерекше көзге түскенін жазады. Деректерге қарағанда, ауыр жараланғанына қарамастан, Кенжебай Мәденов ратуша күмбезіне көтеріліп, жау туын құлатып, Қызыл туды орнатуға қатысқан.

Алайда осындай ерлігіне қарамастан, соғыс жылдарында ол жоғары мемлекеттік марапатқа ұсынылса да, түрлі себеппен лайықты бағасын ала алмады. Оның қарулас серігі Константин Громов «Кеңес Одағының Батыры» атағын алғанымен, Мәденовтің ерлігі ұзақ уақыт бойы елеусіз қалды.

Соғыс аяқталғаннан кейін Кенжебай Мәденовтың кейін мемлекеттік қауіпсіздік органдарында еңбек етті. 1949 жылдан өмірінің соңына дейін КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті жүйесінде қызмет атқарып, жедел уәкілден бөлім бастығына дейінгі жолдан өтті. Ол әскери қызметте де, азаматтық өмірде де адалдық пен жауапкершіліктің үлгісін көрсетті.

Соғыс жылдарында екі рет жараланған батыр 1974 жылы 26 желтоқсанда өмірден өтті. Оның ерлігі мен еңбегі екі «Қызыл Жұлдыз» орденімен және көптеген медальмен лайықты марапатталды.

Ұзақ жылдар бойы қоғам қайраткерлері мен журналистер оның ерлігін лайықты бағалау мәселесін көтеріп келді. Нәтижесінде, тарихи әділдік орнап, Кенжебай Мәденовке «Халық қаһарманы» атағы берілді. Бұл – тек бір адамның ғана емес, соғыс жылдарында ерен ерлік көрсеткен тұтас буынның рухына көрсетілген құрмет.

Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

ЕЛДІК РУХТЫ ҰЛЫҚТАҒАН QAISAR

Елімізде өскелең ұрпақты отансүйгіштікке баулу, олардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Бұл ретте «AMANAT» партиясының бастамасымен жүзеге асып жатқан QAISAR әскери-патриоттық жобасы ерекше мәнге ие. Жоба жастарды батылдықтың, жауапкершілікке, тәртіп пен табандылыққа тәрбиелейтін, елге адал қызмет етуге бағыттайтын маңызды алаң.

А Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

Бүгінде QAISAR жобасы аясында еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылып, жас буынның әскери-патриоттық тәрбиесіне серпін беріп келеді. Мұндай бастамалар арқылы жастарға тарихи мұраны құрметтеу, ата-баба ерлігін ұлықтау және тәуелсіз елдің болашағына жауапкершілікпен қарау идеялары кеңінен насихатталуда. Себебі өткенін қадірлеген ұлт қана болашағын нық қалыптастыра алады. Осы бағыттағы маңызды іс-шаралардың бірі Түркістан облысының Арыс қаласында өтті.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні қарсаңында «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының ұйымдастыруымен және жергілікті әскери бөлімнің қолдауымен жастарға арналған танымдық экскурсия ұйымдастырылды. Аталған шараның басты мақсаты – жастардың әскери қызметке деген қызығушылығын арттыру, олардың бойында патриоттық рухты күшейту және ел қорғау ісінің маңызын терең түсіндіру. Іс-шараға қоғам өкілдері, ардагерлер және партия белсенділері қатысып, жастармен еркін форматта пікір алмасты. Атап айтқанда, «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы төрағасының міндетін атқарушы, облыстық мәслихат депутаты, Әйелдер қанатының жетекшісі Қалыма Жантөреева, жапастағы подполковник Жаңабай Медетбеков, сондай-ақ өңірдің ардагерлері мен қоғамдық ұйым өкілдері қатысып,



жас буынмен тәжірибе бөлісті.

Экскурсия барысында әскери бөлім қызметкерлері жастарға әскери өмірдің ерекшеліктерін таныстырып, қару-жарақ пен әскери техникалардың мүмкіндіктері туралы кеңінен мәлімет берді. Жастар

Отан қорғаушылар күні – әскери қызметшілердің ғана емес, ел тыныштығы мен қауіпсіздігіне үлес қосып жүрген әрбір азаматқа көрсетілетін құрмет. Бүгінгі жас – ертеңгі ел қорғаны. Сондықтан жастар жауапкершілікті сезініп, тәртіп пен адалдықты басты ұстаным етуге тиіс.

сарбаздардың күнделікті тұрмыс-тіршілігімен танысып, әскери қызметтің тәртібі мен жауапкершілігін өз көздерімен көрді. Бұл олардың әскери салаға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, ел қорғау ісінің маңызын терең түсінуге мүмкіндік берді. Кездесу барысында Қалыма Жантөреева жастарға арнап мазмұнды сөз сөйлеп, патриоттық тәрбиенің маңыздылығына ерекше тоқталды. Оның айтуынша, бүгінгі

жастар елдің ертеңгі тірегі, сондықтан олардың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру баршаның ортақ міндеті.

– Отан қорғаушылар күні – әскери қызметшілердің ғана емес, ел тыныштығы мен қауіпсіздігіне үлес қосып жүрген әрбір азаматқа көрсетілетін құрмет. Бүгінгі жас – ертеңгі ел қорғаны. Сондықтан жастар жауапкершілікті сезініп, тәртіп пен адалдықты басты ұстаным етуге тиіс. Осындай іс-шаралар арқылы біз олардың бойында елге деген сүйіспеншілікті арттырып, азаматтық ұстанымын қалыптастырамыз, – деді ол.

Іс-шара барысында жастар әскери қызметтің қыр-сырын жан-жақты меңгеріп, оны тәртіп пен талап қана емес, үлкен жауапкершілік пен кәсібилікті қажет ететін сала екенін түсінді. Сонымен қатар олар командалық жұмыс, көшбасшылық, жедел шешім қабылдау сияқты маңызды дағдылардың маңызын ұғынды. Экскурсияға қатысқан жастар әскери анттың мәнін терең түсініп, Отан қорғау ар-намыс пен жауапкершілікке негізделген қасиетті ұғым екенін сезінді. Бұл олардың бойында елге деген құрметті арттырып, азаматтық позициясын нығайтты. Жалпы аясында, QAISAR жобасы аясында өткен бұл танымдық экскурсия – жастар тәрбиесінде маңызды рөл атқаратын тағылымды шаралардың бірі. Мұндай бастамалар жас ұрпақты елжанды, білімді, жауапкершілігі жоғары азамат етіп қалыптастыруға бағытталған нақты қадам болып табылады.

Аталған жоба ұлттық рухты жаңғыртып, жас буынды ел болашағы жолында қызмет етуге жігерлендіретін тиімді тетікке айналып отыр.

МАХАББАТ ПЕН ӘСКЕРИ ШЕННІҢ ҮЙЛЕСІМІ



басқару жүйесінде жауапты міндет атқарса, Айгерім Садықова Байланыс және радиотехникалық қамтамасыз ету бөлімінде тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасар қызметін атқарады.

Алайда оларды тек қызмет жолы ғана емес, ортақ тағдыр мен отбасылық құндылықтар да біріктіреді. Ел қауіпсіздігі жолында еңбек етіп жүрген қос офицер – ең алдымен, айрандай ұйыған, берекелі отбасының тірегі. Олар Мұхамедәлі,

Әмина, Әмира және Арлан есімді төрт баланы тәрбиелеп отыр. Әр баланың өз қызығушылығы мен талпынысы бар. Тұңғыштары бокс үйірмесіне қатысса, қос қыздары көркем гимнастикамен айналысып, мектепте үздік оқиды. Ал кенже ұлдары – балабақша тәрбиеленушісі.

Қоғам алдындағы жауапты қызмет пен отбасы тіршілігін қатар алып жүру – кез келген жанға оңай соқпайды. Балалардың сабағына көңіл бөлу, оларды мектеп пен

балабақшаға апарып-әкелу, үй шаруасының тынымсыз тірлігі – мұның бәрі ата-анадан тек күш-қуатты ғана емес, өзара түсіністік пен сабырды талап етеді. Бұл ретте Борщевскийлер отбасының берік ұстанымы – сыйластық пен сенім.

– Біз үйдегі шаруаны бөлісіп атқарамыз. Кім бірінші босаса, сол кіріседі. Тамақты да бірге дайындаймыз. Күйеуім тарапынан «мынау неге істелмей қалды?» деген сөз болған емес. Өйткені ол менің қызметімді түсінеді. Мен де оны түсінемін, – дейді Айгерім. Айтпақшы, Айгерім әскери қызметке 2005 жылы келіп, 2006 жылы ант қабылдаған. Биыл оның әскери саладағы қызметіне 20 жыл толып отыр. Бұл – табандылық пен адал еңбектің айқын көрсеткіші. Еңбегі еленіп, кеше ғана «Мінсіз қызметі үшін» медалін де иеленген жайы бар.

Шынында да, әскери өмірдің өзіне тән тәртібі бұл отбасының күнделікті тұрмысынан да айқын байқалады. Жас кезден бойға сіңген тәртіп пен жауапкершілік олардың өмір сүру дағдысына айналған. Үй шаруасына арналған нақты кесте бар. Бұл тек ата-ананың уақытын үнемдеп қана қоймай, балалардың да тәртіпке бейімделуіне оң ықпал етеді.

Айгерімнің балалық шағы да әскери ортамен тығыз байланысты. Ол Семей облысы, Жарма ауданы, Георгиевка ауылында дүниеге келген. Әке-шешесі де әскери қызметте болғандықтан, әскери қалашықта өсіп, сол ортада тәрбиеленді. «Кішкентай кезімде-ақ қатарластарымды сапқа тұрғызып, өзімше команда бере-

тінмін», – деп күледі ол. Ал жолдасы Андрей де әскери ортада ержеткен. Ол – Талдықорған қаласының тумасы. Екеуінің өмір жолы ұқсас болғандықтан, бір-бірін түсінуі де қиынға соқпаған. Олар 2008 жылы Қарағанды қаласындағы авиациялық базада танысқан. Сол кездегі жас лейтенант Андрейдің Айгерімге деген ықыласы бірден байқалып, көп ұзамай олардың өмір жолы бір арнаға тоғысалды.

Әскери отбасының тағы бір ерекшелігі – уақытпен санаспайтын өмір ырғағы. Кез келген сәтте қызметке шақырту болуы мүмкін. Дегенмен мұндай жағдайда олардың басты артықшылығы – бір-бірін үнсіз түсінуінде. «Біз бір-біріміздің жұмысымыздың қиындығын да, маңызын да жақсы білеміз. Сондықтан артық сөзге бармаймыз. Бұл біздің отбасымызды одан сайын шынайы түседі», – дейді кейіпкерлеріміз.

Бұл отбасыда тұрмыстық кикілжіңге орын жоқ. Көмекке келетін туыс та, арнайы қолғабыс ететін адам да жоқ. Соған қарамастан, барлық қиындықты бірге еңсеріп келеді. Жоғарыда айтқанымыздай, кім бірінші үйге келсе, сол үй шаруасына кіріседі. Бірі шансорғышпен тазаласа, екіншісі еден жуады. Балаларды мектепке апару мен әкелу де кезекпен жүзеге асады. Әскери тәртіп олардың әрқайсысының жеке өміріне де әсер етеді. Айгерімнің айтуынша, ол тіпті қарапайым кездесулерге де ерте келуді әдетке айналдырған. Бұл да жылдар бойы қалыптасқан дағды. Балалары да осы тәртіпке үйреніп өсіп келеді. Жылдам әрекет ету, уақытты тиімді пайдалану – олардың өмірінің ажырамас бөлігі.

Тәртіп пен талап, сыйластық пен сенім қатар өрілген бұл отбасының өмірі – бүгінгі қоғам үшін үлкен үлгі. Себебі олар үшін әскери қызмет тек жұмыс емес, тұтас өмір салты. Ал сол өмір салты отбасы ішіндегі берекені бекемдеп, болашақ ұрпақтың тәрбиесіне берік негіз қалайды.

Азаматтық саланың адамдары үшін әскери қызметшілердің өмірі әрдайым ерекше, тіпті біршама жұмбақ көрінетіні рас. Олардың тік жүрісі, артық сөзге жоқ салмақты мінездері сырт көзге өзгеше әсер қалдырады. Әсіресе, олардың бір мекенге бауыр басып үлгермей жатып, қызмет бабымен қайта-қайта қоныс аударуы – көпшілікке таңсық құбылыс. Он жыл ішінде бес-алты рет мекен ауыстыру әскерилер үшін қалыпты өмір салтына айналған. Ал бір шаңырақтың астында ері де, әйелі де әскери қызметте болса, мұндай отбасының тыныс-тіршілігі тіптен бөлек әлем сияқты.

А Айгүл СЕЙІЛ

Біздің кейіпкерлеріміз – Т.Бигелдинов Атындағы Әуе қорғаныс күштерінің Әскери институты қабырғасында қызмет ететін подполковник Андрей Борщевский мен майор Айгерім Садықова. Екеуі де әскери саланың өз ісіне берілген білікті мамандары. Андрей Борщевский ұшуларды



Отанды сүю – ұранмен өлшенбейтін, жүректен басталатын терең ұғым десек қателеспейміз. Ел тарихын біліп, батыр бабалардың ерлігін ұлықтау – мұның бәрі бүгінгі жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімді қалыптастыратын әрі рухын көтеріп, жігері мен намысын оятатын рухани өзек. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның болашағы – саналы, білімді әрі елжанды жастардың қолында екені айқын. Сондықтан да жастар тәрбиесі, оның ішінде әскери патриоттық бағыт – қоғам алдындағы аса стратегиялық маңызы бар міндет. 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні қарсаңында осы өзекті мәселелер төңірегінде Ақмола облысының қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары, подполковник Ерболат Өтеповті әңгімеге тартып, ел қорғаны, әскери қызмет және жастар тәрбиесі туралы ой өрбіткен едік...

– Ерболат Еленұлы, әңгімеміздің әлқиссасын тарихи сабақтастықтан бастасак. Ұрпақтың кешегі өткен қия-кескі соғыста оқ пен оттың ортасында қан кешкен батыр тұлғалардың ерлігімен сусындауы қаншалықты маңызды деп ойлайсыз?

Ерболат ӨТЕПОВ, подполковник:

АЙБЫНДЫ АРМИЯ –

ТІРЕГІМІЗ



– Иә, айтуыңыз өте орынды. Ең алдымен, кешегі сұрапыл соғыс жылдарында жанын пидан еткен боздақтар рухына тағзым етеміз. Ұлы Отан соғысы халқымыз үшін аса үлкен сын болды. Сол кезеңде тек қана Ақмола өңірінен ғана мыңдаған азамат майданға аттанып, олардың 47-сі Кеңес Одағының Батыры атанған еді. Бұл – теңдессіз ерліктің айқын дәлелі. Сол көзсіз ерлігімен көзге түскен ержүрек батырлардың қатарында екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанған данқты ұшқыш Талғат Бигелдинов, Рейхстагқа алғаш ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев, көрнекті ғалым әрі батыр Мәлік Ғабдуллин, еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов сияқты тарихи тұлғаларымыз бар. Осындай қайсар ерлердің ерлігі – бүгінгі Қарулы Күштердің рухани тұғыры екені сөзсіз. Сондықтан да бүгінгі жас ұрпақ, яғни болашақ Отан қорғаушылар жоғарыдағы тұлғалардың тарихымен тереңірек танысуға тиіс. Тәуел-

сіздік алғаннан кейін 1992 жылғы 7 мамырда Қазақстан Қарулы Күштері құрылып, бұл күн мемлекеттік деңгейде Отан қорғаушы күні ретінде белгіленді. Бұл – әскери дәстүрдің жалғастығы мен ел қауіпсіздігінің символына айналған күн.

– Жастардың әскери міндетін орындауға ұмтылысы қалай? Қазіргі әскердің тыныс-тіршілігі және шақыру науқаны қалай жүріп жатыр?

– Әскерге шақыру жұмыстары жүйелі әрі ашық жүргізіледі. Былтыр облыс бойынша 1 747 азамат шақырылуға жатқызылып, 1 899 жас алдын ала даярлықтан өтті. Оның ішінде 861 азамат нақты әскери қызметке іріктелді. 22 әскери команда жасақталып, олар еліміздің аумағындағы түрлі әскери бөлімдерге жіберілді. Биыл көктемгі шақыру барысында 900-ден астам жас әскер қатарына қосылды. Жалпы, жыл қорытындысында екі мыңға жуық азаматты әскери қызметке жіберу жоспарланып

отыр. Ең бастысы, қазіргі уақытта жастардың әскерге өз еркімен тіпті сұранып баруы көбейді. Бұл олардың азаматтық позициясының қалыптасқанын айғақтай түседі.

– Жастардың әскери өмірге әзірлігі балалық шақтан басталуға тиіс дейтіндер көп. Бұл орайда болашақ сарбаздарды тәрбиелеп шығаратын әскери оқу орындарының рөлі қандай? Сондай-ақ әскери қызметтің заңнамалық негіздері туралы не айтасыз?

– Бізде барлық жұмыс «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заң аясында жүргізіледі. Сонымен қатар әскери-техникалық мамандарды даярлау жүйесі де нақты реттелген. Жастардың ерте бастан әскери өмірге бейімделіп, шырыққан шымыр болып өсуі аса маңызды. Өйткені қазіргі кезде өкінішке орай физикалық дене дайындығы төмен, аурушан балалар саны басым болып барады. Сондықтан бүгінгі ұрпақтың саналы түрде Отан қорғауға дайын болуы үшін психологиялық және физикалық дайындығына баса мән берілуі тиіс деген ойдамын. Бұл орайда әскери бағыттағы мектептер мен оқу орындарының рөлі ерекше. Мәселен, Щучинск қаласындағы әскери-техникалық мектепте былтыр 105 сарбаз оқып, 81-і оқуын сәтті аяқтады. Қараша айында тағы 54 азамат даярлықтан өтті. Бұдан бөлек, Қарағандыда жүргізуші мамандар даярланып, кейін әскери бөлімдерге жіберіледі. Мұнымен қоса,

жалпы білім беретін орта мектептерде де балаларды әскер сапына дайын болуы үшін барынша әзірлік шараларына мән беру қажет деп санаймын.

– Жалпы, жастарды әскери оқу орындарына тарту қалай жүзеге асырылады?

– Жастарды әскери бағыттағы оқу орындарына тарту бағытында кенәуқымды жұмыстар жүйелі түрде атқарылып келеді. Тек былтыр ғана 16 мыңнан астам жас кәсіби бағдарлау шараларымен қамтылып, нәтижесінде 150 азамат әскери оқу орындарына түсті. Атап айтқанда, өірде жүргізілген кешенді жұмыстардың арқасында Алматыдағы құрлық әскерлері институтына – 54, Талдықорғандағы әуе қорғаныс күштері институтына – 27, Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтына – 24, Щучинск қаласындағы Шокан Уәлиханов атындағы әскери колледжде 45 азамат қабылданды. Бұл – болашақ офицерлер корпусын қалыптастырудағы аса маңызды көрсеткіш. Кәсіби және психологиялық даярлығы мықты, физикалық жағынан шымыр жастардың әскери саланы таңдауы – біз үшін аса үлкен мақтанш әрі абырой.

– Көп жағдайда жастардың кез келген саладағы әлеуметтік жағдайға мән беретіні аян. Бүгінгі әскери қызметтің әлеуметтік артықшылықтары қандай?

– Бүгінгі армия тек міндет емес, аса үлкен мүмкіндік деп те айтар едім. Үздік сарбаздарға жоғары оқу орындарында

тегін білім алуға сертификат беріледі. Мәселен, өткен жылы мұндай мүмкіндікті 20 жас пайдаланды. Сондай-ақ әскерден кейін бір жыл ішінде ҰБТ тапсырмай-ақ ақылы бөлімге түсуге болады. Бұл жастар үшін аса үлкен жеңілдік екені сөзсіз. Сонымен қатар сарбаздар алты айдан кейін келісімшартқа отырып, кәсіби әскери қызметін де жалғастыра алады. Сарбаздардың өмірін әскери арнаға бұру елдің болашағының бекем болуы үшін де аса маңызды деп ойлаймын.

– Аймақта Отан қорғаушылар күні қалай аталып отыр?

– Бұл мерекелік жыл сайын жоғары деңгейде ұйымдастырылады. Мәселен, былтыр әскери шеруге әскери бөлімдер, құқық қорғау органдары, курсанттар мен әскери-патриоттық клуб мүшелері қатысты. Шағаға қатысқан жиырмадан астам азамат марапатталды. Олардың ішінде ерлік көрсеткен қарапайым жастар да бар. Биыл да мерекеге дайындық ерекше қарқынмен жүргізілуде.

– Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру аймақта қалай жүзеге асырылып келеді? Бұл бағыттағы жұмыстардың қаншалықты маңызды бар?

– Жас ұрпақты әскери-патриоттық бағытта тәрбиелеу елдің ертені үшін аса зор жауапкершілігі мол міндет дер едім. Өйткені бұл – ең біріншіден, ел қауіпсіздігінің негізі. Оның берік болуы жастардың Отанын сүюіне, тікелей байланысты. Патриотизм – тек сөз емес, ол нақты іспен дәлелденбек. Бұл орайда біз жастармен түрлі бағытта жұмыс жүргіземіз. Әсіресе, әскери-патриоттық клубтар, жарыстар, оқу-жаттығу шараларына баса мән беріледі. Мәселен, Бурабайдағы «Намыс» клубы, Степногорскідегі «Бағыт» клубы, Атбасардағы «Арлан» клубы осы бағытта жоғары нәтижелер көрсетіп жүр. «Бағыз» клубындағы «Арлан» клубының тәрбиеленушілері жүздеген ерлік ісін орындады. Бұл – үлкен жетістік. Осындай игілігі мол шаралар жастарды тек физикалық емес, психологиялық тұрғыдан да шыңдай түседі. Олар тәртіпке, жауапкершілікке әрі ұйымшылдыққа үйренеді. Бүгінгі армия – тек қару ұстайтын күш емес, ол – тәртіп пен тәрбиенің, жауапкершіліктің пен рухтың мектебі. Елің сүйетін, оның болашағына бейжай қарамайтын ұрпақ қана мемлекеттің тірегіне айналмақ. Әскери-патриоттық тәрбие ел болашағына салынған кепілді инвестиция деп те айтуға толық негіз бар. Өйткені Отанын қорғауға дайын азамат – тәуелсіздіктің кепілі. 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, көгіміз ашық болсын!

– Әңгімеңізге рақмет! Әскеріміз айбынды, жастарымыз қайратты, Отанымыздың іргесі берік болсын!

Сұхбаттасқан
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Алматыда Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Әскери институт бар. Осындай атаулы датада дәл осы іргелі оқу орны айрықша маңызға ие. Себебі Қазақстан армиясының негізгі жауынгерлік күші саналатын құрлық әскерлері осы ұядан түлеп ұшады. Темірдей тәртіп пен патриоттық рухты ұштастырған әскери институт мұнда мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ететін кәсіби офицерлерді даярлап шығарады.

АНТҚА АДАЛ ҰРПАҚ: ӘСКЕРИ ИНСТИТУТ ТЫНЫСЫ



Алтынай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Көпжылдық тарихы бар оқу орны бүгінге дейін 20 мыңнан астам офицерді оқытып, ел тыныштығын күзететін кәсіби кадрлар шоғырын қалыптастырды. Институт түлектерінің қатарында 3 Кеңес Одағының Батыры, 1 Халық қаһарманы, 8 Ресей Федерациясының Батыры, 1 Абхазия Батыры, 1 Арцах Батыры бар. Сонымен бірге бұл білім ордасынан түлеп

ұшқан 86 азамат жоғары офицерлік «генерал» әскери атағына ие болған. Жоғарыда біз тізіп өткен цифрларға қарап-ақ әскери институттың қазақ армиясындағы салмағын сезінуге болады.

Біз таяуда 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесіне орай әскери институт қызметкерлерімен тілдескен едік. С.Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институтының ТЖИЖЖ орынбасары – басқарма басшысы, полковник Данияр Құдайбергенов бізге

оқу орнының ел қорғанысындағы стратегиялық маңызы туралы айтып берді.

– Қазіргі күрделі геосаяси жағдайда ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі барлық мемлекет үшін басым бағыттың бірі деп ойлаймын. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Қарулы Күштері үшін кәсіби, жан-жақты даярланған офицер кадрларын қалыптастырудың маңызы айтарлықтай арта түсті. Заманауи офицер – жоғары жауапкершілікке ие, стратегиялық ойлай алатын, тез өзгеретін жағдайларда дұрыс шешім қабылдай білетін тұлға. Сондықтан әскери білім беру жүйесіне, оның ішінде Құрлық әскерлері әскери институтына жүктелетін талаптар да жылдан жылға күшейіп келеді. Құрлық әскерлері әскери институты еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуда маңызды стратегиялық рөл атқарады. Институтта Қарулы Күштердің әртүрлі бағыттары бойынша білікті офицерлер оқытылып, әскерді кәсіби кадрлармен толықтыру қамтамасыз етіледі, – деді ол.

Данияр Дәуренұлының сөзінше, институт өмірінде Отан қорғаушылар күні – ерекше маңызы бар мерекенің бірі. Бұл күні курсанттар мен офицерлер әскери мамандықтың жауапкершілігін тереңірек сезініп, өз таңдауларының жауапкершілігін айқын түсінеді. Мерекелік шаралар, саптық дайындықтар мен салтанатты рәсімдер жас сарбаздардың рухын көтеріп, Отанға қызмет етуге деген жігерін арттыра

түседі. Осындай сәттерде курсанттар ел қорғау жолындағы міндеттің қаншалықты күнделікті екенін сезінеді.

– Қазіргі уақытта институт қызметі білім беру сапасын арттыруға, тәжірибелік даярлықты күшейтуге, сондай-ақ заманауи талаптарға сай офицерлерді қалыптастыруға бағытталған. Бұл еліміздің қорғаныс жүйесінің тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз етудің негізгі тетігі деп білемін. Институтта білім беру жүйесі теория мен практиканы ұштастыруға негізделген. Курсанттар заманауи әскери техникамен

жұмыс істеуді, тактикалық ойлауды және түрлі жағдайларда әрекет етуді үйренеді. Оқу бағдарламалары үнемі жаңартылып, халықаралық тәжірибелер ескеріледі. Дала жаттығулары, командалық ойындар мен цифрлық технологияларды қолдану арқылы болашақ офицерлер дайындықтан өтеді, – деді Д.Құдайбергенов.

Әскери өмірдің қатаң тәртібі мен күнделікті дайындығының артында курсанттарды шыңдап жүрген педагогтардың еңбегі жатыр. Институттағы ұстаздардың көбі әскери саланың қыр-сырын терең меңгерген тәжірибелі мамандар. Бүгінде еліміздегі Қарулы күштер офицерлерінің 70 пайыздан астамы осы институттағы білікті кадрлардың ұстаханасынан өткен.

– Институтта біз үшін ең маңыздысы – тәртіп пен жауапкершілікті қалыптастыру. Мұны жалғыз талап қоюмен шектелмей, өзіміздің күнделікті ісімізбен көрсетуге тырысамыз. Әр сабақта нақты міндет қойып, курсанттың тапсырманы қалай орындап жатқанын үнемі бақылап отырамыз. Жауапкершілікті арттыру мақсатында жеке тапсырмалар береміз. Міндетті түрде командалық жұмыс пен тұрақты кері байланыс қолданылады. Себебі олар бір-бірімен санасып, ортақ шешім қабылдауды үйренуге тиіс. Ал болашақ офицер үшін тек кәсіби білім жеткіліксіз. Біз курсанттарымыздың бойында ең алдымен адалдықты, жауапкер-

шілікті, тәртіп пен отансүйгіштік құндылықтарын қалыптастыруға тырысамыз. Сонымен бірге шешім қабылдай білу, қиын жағдайда сабыр сақтау, бастама-шылдық пен ұжыммен жұмыс істей алу да өте маңызды. Біздің мақсат – білім беріп қана қоймай, өмірдің кез келген жағдайында сенімді, тәртіпті, өзіне және бөліміне жауап бере алатын командир дайындау, – деді полковник Әділ Тұрсынқұлов.

Ислам Бекташ – қазір Құрлық әскерлі институтының 2-батальон, 5-рота, 4-звезд, «Техникалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша білім алады. Алғашында курсант үшін әскери өмірге үйренісу оңай болмаған. Десек те, жана орта мен әскери күн тәртібі қайткен күнде де тез бейімделуді талап етеді. Таннның атысынан кештің батысына дейінгі жоспарланған режим курсант үшін әубаста күрделі болып көрінгенімен, кейіннен дәл осы әскери өмірдің алғашқы сынақтары кейіпкеріміздің тәжірибесін шыңдай түскен.

– Әскери жолды таңдауыма ең алдымен елге қызмет ету, тәртіпке негізделген өмір салты мен Отанды қорғауға деген жауапкершілік сезімі тұрткі болды. Әскери ортада адамның мінезі де қалыптасады, сондықтан бұл жолды саналы түрде таңдау. Курсант өміріндегі ең күрделі сынақ – өзіндік және білу. Бұл дегеніміз – қатаң тәртіпке бойынды үйрету, уақыт пен талапқа бейімделу, сондай-ақ кез келген жағдайда жауапкершілікті жоғалтпау. Бұл оңай емес, бірақ дәл осы кезең курсанттың мінезін қалыптастырады. Уақыт өте келе адам өзіне талап қоя біледі, сабыр сақтауды және шешім қабылдауда сенімді болуды үйренеді. Мен үшін Отан қорғаушы болу ең алдымен елдің қауіпсіздігі үшін қызмет ету, қажет болса елдің қорғауға дайын болу деген сөз, – деді Ислам Ахрорұлы.

Бүгінде Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институты мотожаяу әскерінен бастап, танк, артиллерия, барлау, инженерлік және техникалық қамтамасыз ету, сондай-ақ тәрбие, психологиялық жұмыс, қорғаныс, логистика, спорт және әскери тасымал салаларына дейін 17 түрлі бағыт бойынша әскери мамандар даярлайды.



ОТАНДЫ СҮЮ – ОЙЫНШЫҚТАН

Ойыншық атаулы баланы қызықтырып, көңілін алдарқатудың ғана құралы емес, қиялына қиял қосып, логикалық ойлау қабілетін, өмірлік жеке көзқарасын, мінез-құлқын қалыптастырудың негізі. Ол мұнымен де шектелмейді, әдетте ел бейжай қарайтын сол бір ойыншық – ұлттық мәдени қодтың айнасы, тіпті мемлекеттің әскери күшінің қуатты белгісі. Ұрпағымыз ойын ойнап жүріп-ақ өзге жұрттың әскери техникасын жатқа білетін деңгейге жетті, мұның түбі мәдени тәуелділікке әкеле ме деген қорқыныш бар. Осы орайда өз еліміздің әскери күшін айғақтайтын ойыншықтардың да болғанын қалайсың...

Базар аралап, дүкен сөресіне көз салсаң да, онлайн сауда желілерін ақтарып қарасаң да, ойыншықтардың басым бөлігі шетелден келетінін байқайсың. Соның қатарынан әскери жүйесі дамыған Американың, Германияның, ТМД елдерін мысал етіп айтсақ, Ресейдің де әскери техникасын насихаттайтын өз алдына бөлек ойыншық әлемі бар. Әрине, әскери бағыттағы ойыншық адамзат пайда болғалы ерте кезеңнен бастау алады. Ең алғашқы ойыншықтар жауынгер мүсініне ұқсас кейіпте символдық мәнге ие болды, мұндағы мақсат – ұрпаққа ерлік пен батырлықты насихаттау, бойға қайсарлық, өр рухты сіңіру. Кейіннен ойыншық түрі де, материалы да түрлене бастады. Айталық, Наполеон жорықтарынан кейін Германия, Франция, Ұлыбритания елінде қалайы сарбаз ойыншықтар өмірге келді. Бұл ойыншық балаларға соғыс тактикасын үйретудің таптырмас амалы болатын. Екінші дүниежүзілік соғыс ойыншықтар дәуіріне тағы бір ерекше екпін берді, бұл кезде ойыншықтар патриотизмді насихаттаудың құралына айналды. Қазір ойыншық кәсібі мүлде басқа қарқында дамып келеді. Әскери ойыншықтардың көп бөлігі нақты әскери техниканың моделіне негізделіп жасала бастады әрі реалистік миниатюралар баланын ойлау жүйесін дамытып, белгілі бір деңгейде білім көкжиегін кеңейтеді.

Балалардың сүйікті ойыншықтарының бірі – классикалық үлгідегі сарбаз мүсіндер. Біз sauda24.kz, kari.kz, kaspi.kz сынды ірі интернет-дүкендеріндегі әскери ойыншықтарға талдау жасап көрдік. Байқағанымыздай, бұл дүкендерде де әскери сарбаз ойыншықтар өте көп. Ата-аналар да пікір білдіріп, ойыншық баласының көңілінен шыққанын жазған. Қалтаға тиімді, қолжетімді ойыншықтардың дені пластиктен

жасалған, пластик сарбаздың көбі жасыл түсті. Жасыл түс – Америка және Германия әскеріне тән белгі. Wehrmacht стилінде, яғни 1935-1945 жылдары фашистік Германияның ресми қарулы күштерінің формасы және Вьетнам соғысы кезіндегі Америка әскерінің киімі үлгісіндегі сарбаз мүсіндері ерекше сатылымға ие. Мұнда киім түсінен бөлек, америкалық сарбаздың қолындағы M16 автоматы пен дөңгелек пішіндегі баскиімге де зер сала түсінуге болады. Әрине, ойыншық өндірушілер әскери техниканың атын атап, түсін түстеп сипаттама бермесе де, ойыншықтағы белгілерге қарап сөзсіз ұғасың. Вьетнам соғысында америкалық әскердің киімі қозғалуға жеңіл, қарапайым үлгіде тігілген еді. Бұл белгі ойыншықтарда да көрініс тапқан, мәселен сарбаз ойыншықтың жүгіріп келе жатқаны, автоматты жатып атқаны немесе граната лақтырған қалпындағы мүсіндер де жеткілікті. Әдетте балалар рөлдік ойындарға арналған сарбаздар жиынтығын жақсы көреді. Кәсіпкерлер мұндай белгілерді ірі табысқа жету үшін қолданып жатады.

Бұдан кейін әскери ауыр техниканың үлгісіне сай келетін бірнеше ойыншыққа еріксіз көз түсті. Мысалы, Military және SLUBAN моделінің бірнеше түрі kaspi.kz дүкенінде толып тұр. Бағасы да қолжетімді, бұл ойыншық та АҚШ-тың негізгі ұрыс техникасының бірі – M1A2 Abrams танкісінің жеңілдетілген молделіне ұқсайды. Ұлыбританияның құрлық күштерінің негізгі жауынгерлік танкісі – Challenger-дің, француздың заманауи негізгі ұрыс танкісі – Leclerc-тің де ойыншық көшірмесі бар. Қызығы, АҚШ техникасына негізделген ойыншықтардың аты аталып жарнамаланбайды, ал екінші дүниежүзілік соғысындағы неміс техникасы ашық түрде сатылып келеді. Мысалы, Германияның Tiger I

Балалардың сүйікті ойыншықтарының бірі – классикалық үлгідегі сарбаз мүсіндер. Біз sauda24.kz, kari.kz, kaspi.kz сынды ірі интернет-дүкендеріндегі әскери ойыншықтарға талдау жасап көрдік. Байқағанымыздай, бұл дүкендерде де әскери сарбаз ойыншықтар өте көп.

радиобасқарылатын танкісінің ойыншығы да солай аталады. World War II Tank ойыншығы да – неміс техникасының көшірмесі. Бұдан бөлек, кеңестік үлгідегі ауыр техникалардың аты да сатылымда, мысалы интернет-дүкендерде «Әскер. Кеңестік танкі», Kazі құрастырмалы ойыншықтарын айтуға болады. Орыстың T-90 стиліндегі ойыншықтың да түрі сатылымда кездеседі. Сонымен қатар Keuyixing әскери истребителі ойыншығын алсақ, америкалық F-16 Fighting Falcon мен ресейлік MiG-29 жойғыш ұшақтарының гибриді. Ресейдің КамАЗ-63968 немесе Тайфун-К брондалған көліктерінің үлгісіне ұқсас ойыншықтар да жетерлік. Мысалы, Turphoon, Armored Truck және Military Patrol Vehicle сынды ойыншықтарға назар аударсақ, қарулы күштердің өзіне тән белгілерімен

қатар әскери ұйымдардың эмблемасы ашық насихатталады.

Осыншама мысалды сөз етіп отырып, еліміздің ұлттық әскери жүйесіне тән техника жоқ па деген сұрақ туындайтыны рас. Қунарлығы, отандық әскери техникамыз жыл өткен сайын дамып, жетіліп келеді. Мысалы, «Айбар» брондалған дөңгелекті машиналары, қиын жағдайда тапсырма орындауға қабілетті «Арлан» жауынгерлік машинасын атауға болады. Елімізде Kazakhstan Paramount Engineering компаниясы – Орталық Азиядағы заманауи брондалған техника шығаратын ең ірі кәсіпорының бірі. Кәсіпорын жылына 350 техника шығаруға қауқарлы. Қазір кәсіпорын «Tegex-Varys-A» 8x8 бронетранспортері және «Барыс» 8x8 заманауи жауынгерлік техникасы сынды әскери көліктер шығарады. Компания жүріс қорын арттыру, жүк көтеру қабілетін жақсарту немесе жаңа қару-жарақ орнатуға көңіл бөліп, көлік құрылымын күшейтіп жатыр. Сонымен қатар техникаларында байланыс деректерін алмасу, радио байланыс, датчиктер, нақты уақыт режимінде бақылауға арналған GPS интеграциясы да бар. КРЕ компаниясы Atlas, Alan, Nomad, Varys сияқты платформаларымен танымал. Түркия, Қытай және Қазақстан бірлесіп жасаған «Таймас 8x8» брондалған техникасы, Самғау» экипажсыз роботты қатері, «Шағала-М» ұшықшысыз авиациялық көшенін де мақтанышымен айтсақ жарасады. Ішкі істер министрлігінің Ұлттық ұланына тиесілі «Айбар», «Орал-ВВ», «Барыс 6x6», «Алан-2» жауынгерлік машиналары да – отандық өндірістің қарқынды дамып келе жатқанының белгісі. Тізімдегі әскери техникалардың атын осы бағыттағы мамандар білмесе, бала түгелі ересектердің де хабары болмай шығуы әбден мүмкін. Сонда Ұлттық қарулы күшімізді насихаттаудың жолы жоқ па?

Ойыншық қай елден шыкса, сол елдің ұлттық кодын бала бойына сіңіретінін айттық. Бүгінде шетелдің әскери техникасын былай қойғанда, мультфильмдегі фантастикалық кейіпкерлердің де казак баласының тәрбиесіне әсер етіп отыр. Балалар тісі аксифан, түр-түсі адам шошырлық ойыншықтарды да батыр санап ойнап жүр. Мұның орнына казак батырларын, ауыз әдебиетіндегі шайнайы кейіпкерлерді танытатын ойыншықтарды ұсынсақ, әскери күшімізді сүйкімді ететін ойыншықтар шығарсақ, құба-құп болар еді. Қазір Алаш зиялыларының бейнесіндегі қойын дәптерлер, қаламдар, канцелярлық құралдар да трендте емес пе? Демек Ұлы Отан соғысына қатысқан батырларымыздың да ерен еңбегін насихаттап, жүрекке патриоттық сезімді ұялату жолында ойыншық кәсібіне өзгеріс жасау



13 МЫҢ КУРСАНТ АНТ БЕРДІ

Отан қорғаушы күні қарсаңында елімізде алғаш рет жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының әскери кафедра курсанттары әскери ант берді.



Салтанатты іс-шараларға Қорғаныс министрлігінің өкілдері, жоғары оқу орындарының басшылары, кафедра оқытушылары, Қарулы Күштердің ардагерлері және ата-аналар қатысты.

– Быыл 2-6 мамырда еліміздің 80-нен аса жоғары оқу орнында шамамен 13 мың студент әскери ант берді. Бұл – елге қызмет ету жолындағы жауапты қаламды білдіретін ауқымды әрі маңызды оқиға. Біз үшін білім беру ғана емес, тәзімді, рухты, жауапкершілігі жоғары, Отанды қорғауға шынайы дайын жас буынды тәрбиелеу де маңызды, – дейді Қорғаныс министрлігі Әскери білім және ғылым департаментінің бастығы полковник Мұрат Олжабаев.

Елордада Қ.Құлажанов атындағы қазақ технология және бизнес университетінің 448 студенті бір мезетте әскери ант беріп, запастағы әскери қызметшілердің қатарын толықтырды.

ӘСКЕР ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛДЫ

Түркістан қаласындағы 5574-әскери бөлімінде Отан қорғаушы күніне орай әскери плац-концерт ұйымдастырылды.



Салтанатты жиынға облыстық Полиция департаментінің, Қорғаныс істері жөніндегі департаменттің, Төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері, аумақтық қорғаныс бригадасы, Ұлттық ұлан әскери қызметшілері, ардагерлер мен жас сарбаздар қатысты.


Былтыр Түркістан облысынан 5 мыңға жуық жас әскер қатарына қосылған. Биыл да бұл үрдіс жалғасып, өңір жастары Қазақстан Қарулы Күштерінің қатарын толықтырып жатыр. Мерекелік іс-шарада Түркістан облысының әкімі Нұрлан Көшеров жиналған қауымды мерекемен құттықтап, ел қауіпсіздігін қамтамасыз ететін азаматтардың еңбегіне жоғары баға берді. Өңір басшысы қорғаныс саласындағы мінсіз қызметі үшін бірқатар әскери қызметшіні марапаттады.

ЖҮГІРУДЕН ЖАРЫС ӨТТІ

Петропавлда «Тұңғыш Президент» саябағында жастар арасында жаппай жүгіруден «Жеңіс бірлікте» атты жарыс өтті.

Іс-шара Отан қорғаушылар күніне орай ұйымдастырылды. Қатысушылар демалыс орнының бойымен І шақырым жолды жүгіріп өтуге тиіс. Жарысқа еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін қатысқан. Басты мақсат – тұрғындарға саламатты өмір салтын насихаттау, аға мен жас буын арасындағы сабақтастықты нығайту. Іс-шара жергілікті ассамблея қызметкерлерінің қолдауымен өткен.

Бәсекеге барлығы 100-ге жуық адам қатысқан. Олар ең алдымен дене қыздырып, жаттығу жасады, одан соң бірінен-бірі өтіп, жарыс жолында өнерін көрсетті. Спорттық мереке соңында қатысушыларға дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталды.



Бетгі дайындаған Айсұлу СЪЕЗХАН

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтай Байұржанқызы –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Ванн ЖАНЖАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4736
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,